**МОББ ТАБББ "Айналайын" бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК**
:Бекітемін:
МОББ ТАБББ "Айналайын"
Бөбекжай ЖБҚ МКҚК
директоры: Айкешова.Г.
"Айналайын" бөбекжай әдіскері
Денбаева. Н __________
"01" ___09_____2022 ж.

# 2022-2023 оқу жылына арналған сурет салу ұйымдастырылған іс- әрекетінің перспективалық жылдық жоспары
# Кіші "Жұлдызша" тобы

Бейнелеу өнері пәні мұғалімі: Жүнісбекова.Г.Т

| № | ҰІӘ тақырыбы | ҰІӘ мақсаты | Сурет салу техникасы | Сурет салу оқу қызметінің түрі | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар | Күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Доп кетті домалап". | Балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға, қарындаш ұшына зер салып, дөңгелекке ұқсас затты салуға қызықтыру; сурет салу іс-әрекетіне және қарындашпен әрекет жасауға деген қызығушылықтарын ояту. | Қарындашпен түзу бағытта көлденең сызықтар, дөңгелек тәріздес затты салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "домалап кетті", "доп" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Бейнежазба; қарындаш, сурет салу үшін панно, доп; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы. Ақ қағаз беттері, қызыл және көк түсті қарындаштар, төсеніштер. | Бейнежазбаны көрсету. "Қарындаш із салады". Затты зерттеу. Саусақ жаттығуы. "Қарындашты сипаймыз". Көркем сөз. "Қарындаш бізге дос". Сурет салу амалдарын көрсету. Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. Ойын рефлексиясы."Допты сипайық". Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | "Әжемнің жіптері". | Балаларды сурет салу құралы қылқаламмен таныстыра отырып, оның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, белгіленген жерден бастап, қарапайым түзу бағытта сызықтар қалдыруға үйрету; ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу. | Қылқаламмен қарапайым түзу бағытта сызықтар салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "ұзын жіптер" сөз тіркесі арқылы жетілдіру. | Бейнежазба; қылқалам, ыдысқа құйылған қою бояу, қылқаламға тіреуше, төсеніш, су төгілмейтін ыдыс, сурет салу үшін панно; жеңіл, темпі орташа вальс әуені жазбасы.<br>Ақ қағаз беттері, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, ыдысқа құйылған қызыл бояулар, төсеніштер; себетте түрлі түсті жіптер. | Бейнежазбаны көрсету.<br>"Қылқалам із салады".<br>Затты зерттеу.<br>Саусақ жаттығуы. "Қарындашты сипаймыз".<br>Көркем сөз. "Қылқалам, қылқалам!"<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>Ойын рефлексиясы. "Жіптерді жинайық".<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | "Жаңбыр". | Балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаш ұшымен ырғақты қимылдармен төменге қарай қысқа сызықтарды қоюға үйрету; табиғатқа қатысты құбылыстарды бейнелеу барысында жағымды эмоциялық сезімдерге бөленуіне мүмкіндіктер туғызу. | Қарындаш ұшымен ырғақты қимылдармен төменге қарай қысқа сызықтарды салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "жаңбыр", "там-там", "жауады" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Аудиожазбалар: күннің күркірегені, жаңбырдың жауған дыбысы; темпі орташа көңілді әуені жазбасы; қолшатыр; жаңбырдың жауғаны туралы сурет; дайын бұлт сұлбасы бар, бұлттан төмен қарай қиғаш қысқа сызықтар тізбектері, "жаңбыр" салынған дайын сурет үлгісі; тіктөртбұрыш пішініндегі көлденең орналасқан, бұлт пен жасыл шөп салынған қағаз; көк қарындаш, төсеніш, сурет салу үшін панно үлгі.<br>Көлденең орналасқан, жоғары жағында сұр бұлт салынған қағаз; көк қарындаштар, төсеніштер. | Ғажайып сәт. Қолшатыр.<br>Аудиожазбаны тыңдау.<br>Суретті көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ауада сурет салу жаттығуы. "Там-там-там".<br>Сергіту сәті. "Күн мен жаңбырдың әні".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | "Алаша". | Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды жіңішке жолақшаның сол жағынан оң жағына қарай тігінен, кезекпен, үстіден төменге қарай, бірыңғай түрде қалдыруға үйрету; қылқаламмен сурет салу техникасының алғашқы негіздерін қалыптастыру; ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу. | Қылқаламмен қысқа сызықтарды бірыңғай түрде салу техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "алаша", "түп-түзу" сөздері арқылы жетілдіру. | Аудиожазбалар: мысықтың мияулағаны; ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасы; сары марғау ойыншығы немесе суреті; солдан оңға қарай түзу, бірыңғай жолақшалар салынған алашаның дайын сурет үлгісі; жіңішке тіктөртбұрыш пішіндегі таза қағаз беті; қылқалам, ыдысқа құйылған жасыл қою бояу, тіреуше, төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі.<br>Көлденең, жіңішке тіктөртбұрыш пішіндегі таза қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған жасыл қою бояулар (гуашь), тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер; қысқа лентаалар. | Аудиожазбаны тыңдау.<br>Ғажайып сәт. Сары марғау.<br>Үлгіні көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ауада сурет салу жаттығуы. "Жолақтар".<br>Сергіту сәті. "Жолақшамен жүрейік".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Алаша жолымен жүрейік" рефлексиясы.<br>Кейіпкермен қоштасу.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | "Жапырақтар түсіп қалды". | Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшын бояуға малып, қағаз бетіне бірыңғай қимылмен жақпалар қойып отыруға үйрету; қылқалам қалдырып жатқан "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салып отыруға дағдыландыру; түстер туралы эстетикалық талғамын қалыптастыру. | Қылқаламмен бірыңғай қимылмен жақпалар салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "сап-сары", "түсті" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Аудио жазбалар, күз туралы шағын бейнеролик; қылқаламмен қағаз бетіне толық салынған көп сары жақпа мен "жапырақтар", сурет үлгісі; тіктөртбұрыш қағаз беті, қылқалам, ыдысқа құйылған сары қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартысына дейін құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі.<br>Қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған сары қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартысына дейін құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер; сары, қызыл, жасыл жапырақтар кескіндері, шелек. | Аудио жазбаны тыңдау.<br>Бейнежазбаны көрсету.<br>Үлгіні көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ауада сурет салу жаттығуы. "Көп жапырақтар".<br>Сергіту сәті. "Жапырақтар ұшып келіп, жерге қонды".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Жапырақ жинайық" рефлексиясы.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | "Алма". | Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен дөңгелек үлкен алманы салуға үйрету; қылқаламмен салынып жатқан "сызықты" бақылап отыруға машықтау; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. | Қылқаламмен пішіні дөңгелек тәріздес затты салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "алма", "домалақ", "тәтті" сөздері арқылы жетілдіру. | Қуыршақ Дана суреті; ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасы; қылқаламмен салынған домалақ қызыл алма сурет үлгісі; кескіні; қылқалам, ыдысқа құйылған қызыл қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартысына дейін құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі.<br>Таза қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған қызыл қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартысына дейін құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер; табақшада жеуге алмалар. | Ғажайып сәт. Қуыршақ Дана.<br>Сурет көрсету.<br>Көркем сөз. "Алма бақта".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ауада сурет салу жаттығуы. "Алма".<br>Сергіту сәті. "Жүрейік, жүрейік".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>Рефлексия. "Дананың сарқытынан ауыз тиейік".<br>Кейіпкермен қоштасу.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | "Тоқаштар". | Балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, бұру бағытымен тұйықтап, нүктеге жеткізуге үйрету; қағаз бетіндегі көлденең түзу сызық бойын ортаға қарай тұйықталған дөңгелек тоқаштармен толтыруға жаттықтыру; нанға құрмет сезімін тәрбиелеу. | Қарындашпен шектелген жазықтықта пішіні дөңгелек тәріздес бірнеше затты салу, шиыршықты жасау техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "тоқаш", "салдым", "домалақ" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Ойыншық күшік Вики (ойыншық); тоқаштардың табақта жатқан суреті немесе тоқаштардан бу шығып жатқан сурет; жолақта, "табақта", кезекпен тізбектей салынған домалақ тоқаштар суреті үлгісі; көлденең сызықша салынған қағаз беті; қарындаш, сурет салу үшін панно, ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы; тоқаштың суреті. Көлденең сызықша салынған қағаз беттері; төсеніштер; қоңыр қарындаштар. | Ғажайып сәт. Күшік.<br>Сурет көрсету, әңгімелесу.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Тоқаштар".<br>Көркем сөз. "Тоқтамайды қарындаш".<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Шиыршық салу техникасы.<br>Сергіту сәт. "Қарындаш тоқаш салды".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Сенде не бар?" сөздік жаттығуы.<br>Кейіпкермен қоштасу.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | "Сары балапан". | Балаларды қарындаш жуандығындай таяқшаны үш саусақпен ұстап, сорғышқа оралған ұшын сары гуашь бояуына малып, балапан кескіні бойымен біркелкі қимылдармен жуан дақтарды қойып, балапан сұлбасы ішін толық бояуға үйрету; балапан денесі үлпілдеген мамыққа толы екені туралы ұғымдар беру. | Мақта таяқшасымен сурет салу техникасы. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "балапан", "мамық", "сап-сары", "тоқ-тоқ-тоқ" сөздері арқылы жетілдіру. | Балапан дыбысы аудиожазбасы; жұмыртқадан балапанның пайда болғаны туралы суреттер сериясы; дайын балапанның бейне сұлбасы; қағаз бетіндегі сары бояуға боялмаған балапан сұлбасы; ұшына сорғыш оранған, қарындаш жуандығындай таяқша; тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, панно үлгі; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы.<br>Сары бояуға боялмаған балапан сұлбасы салынған қағаз беттері; ұшы сорғышқа оранған таяқша; ыдысқа құйылған сары қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартыдан құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер; балапан маскалары немесе қалташалары. | Аудиожазбаны тыңдау.<br>Суреттер сериясын көрсету.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Балапан".<br>Ауада сурет салу жаттығуы. "Тоқ-тоқ-тоқ".<br>Сергіту сәті «Балапан».<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Кейіпкермен қоштасу.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | "Күн". | Балаларға түсі сары бормен қағаз бетінің ортасына дөңгелек тәрізді пішінді салу техникасын игерту; дөңгелек пішіні айналасына жан-жаққа созылған түзу сызықтарды салып, суретті "күн" деп атауға үйрету; сурет салуда жағымды эмоциялық сезімдерге бөленуге машықтау. | Бормен дөңгелекке ұқсас затты салу тәсілі. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "күн", "сәуле", "аспанда", "домалақ" сөздері арқылы жетілдіру. | Бұлттан шығып, сәулесін шашып, күлімдеген күн бейнеленген сурет; сары бормен қағаз ортасына салынған үлкен домалақ күннің дайын сурет үлгісі; таза қағаз беті; сары бор; аудиожазба. Ақ қағаз беттері; сары борлар, төсеніштер; мнемокарталар (тек бір түсте салынған): шырша, қарбыз, алма, терезе, үй шатыры, доп, теледидар, смайл бейнесі, текше, бауырсақ. | Сәлемдесу шеңбері. Сурет көрсету. "Күн". Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. "Күн". Ауада сурет салу жаттығуы. Дөңгелек. Сергіту сәті. "Күн". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | "Пойыз келе жатыр". | Балаларға қылқаламмен біркелкі кимылдармен жақпаларды қатарға салу техникасын игерту; вагон тәріздес пішінге салынған жақпалар катарын "пойыз терезелері" деп тануға үйрету; шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Қылкаламмен жақпалар салу тәсілі. | Заттык сурет салу | Балалардың сөйлеу кабілеттерін "ту-ту", "алыска кеттік" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Пойыз даусының аудиожазбасы; аудиожазбасы; паровоздың темір жолмен жүріп келе жатқаны туралы сурет; көк вагон, сары терезелері бар пойыз үлгісі; көлденең қағаз бетінде салынған, көк вагоны бар, бірақ терезелері жоқ пойыз бейнесі; кылқалам, ыдысқа құйылған сары қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, панно үлгі.<br>Көк вагоны бар, бірақ терезелері жоқ пойыз бейнесі салынған қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған сары қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер. | Аудиожазбаны тыңдау.<br>Сурет көрсету. Әңгімелесу.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>"Паровоздың терезелері".<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Жақпалау.<br>Сергіту сәті. "Паровоз".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Пойыз" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | "Кірпі". | Балаларды доғалы сызық бойына тіке қысқа сызықтарды ("инелерді") қарындашпен белгілі ырғақпен салу техникасын игерту; суретті "кірпі" деп атауға үйрету; кірпі туралы жалпы түсініктері беру; табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу. | Қарындашпен тіке қысқа сызықтарды белгілі ырғақпен салу тәсілі. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "пысылдап", "ине" сөздері арқылы жетілдіру. | Кірпінің сүлгі астынан шыққаны туралы суреттер сериясы; аудиожазба; дайын кірпі сұлбасы, басы мен денесіне тігінен салынған қысқаша сызықтар, "инелер"; кірпінің инесіз бейнесі; қарындаш. Кірпінің инесіз сұлбасы салынған қағаз беттері, көк түсті қарындаштар, төсеніштер; себет, жеміс пен көкөніс пішіндері. | Ғажайып сәт. Кірпі. Көркем сөз. "Кірпі". Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. "Кірпінің инелері". Ауада сурет салу жаттығуы. Тіке қысқа сызықтар қатары. Сергіту сәті. "Кірпі". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Кірпіге сыйлық жинап берейік" зейінге жаттығуы. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | "Бауырсақ қашты қояннан". | Балаларға пішіні дөңгелек тәріздес бауырсақ бейнесін қоян бейнесінің жанына қылқаламмен салу амалына үйрету; "Бауырсақ" ертегісі мазмұнын пысықтау; сары түсті ажырату білігін арттыру; ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру. | Қылқаламмен пішіні дөңгелек тәріздес затты салу тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "бауырсақ", "қоян", "домалап-домалап", "ыстық" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | "Бауырсақ" ертегісінің сюжеті; қоянның қасында тұрған бауырсақ; қоян бейнесі жанына бауырсақ салынған сурет үлгісі; көлденең, сол жаққа салынған қоян бейнесі, бауырсақ слауға таза бет; қылқалам, ыдысқа құйылған сары қою бояу (гуашь), ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су, тіреуше, төсеніш, сүлгі.<br>"Қоян бейнесі салынған бет, бауырсақ салуға арналған таза бет.<br>Қылқаламдар, ыдысқа құйылған сары қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер." | "Бауырсақ" ертегісінен үзінді сюжетті тамашалау.<br>Көркем сөз. Кейіпкерлердің диалогтары.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>"Қоян жанындағы Бауырсақ".<br>Ауада сурет салу жаттығуы. Дөңгелек.<br>Сергіту сәті. "Орманмен жүрейік".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Бауырсақ кімнен қашты?" есте сақтау қабілетіне жаттықтыру.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | "Аппақ қар". | Балаларды қылқалам ұшымен қағаздың бетіне нүктелерді қою сурет салу тәсілімен таныстыру; сурет салуда қардың дөңгелек пішініне ұқсайтынын көрсету; қалдырған нүктелерді бақылап, бос орындарды толтыруға бейімдеу; қарды бейнелеу барысында эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу. | Қылқалам ұшымен нүктелерді қою тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "қар", "аппақ", "мамықтай" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Қыс туралы сурет; орманда жауып жатқан қар туралы дайын сурет үлгісі; көлденең жатқан қағаз бетіндегі жалаңаш ағаш кескіндері; қылқалам, ыдысқа құйылған сары қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, панно үлгі; темпі орташа вальс әуені жазбасы; "Түрлі түстер екінші бөлім) \| Bilimland Kids \|" бейнеролигі.<br>Көлденең, жалаңаш ағаш кескіндері салынған қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған ақ қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер. | Қыстың орманға (саябаққа) келгені туралы бейнежазбаны (суретті) көрсету.<br>Көркем сөз. Қ. Мырзалиев."Қар".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Қар жауады".<br>Ауада сурет салу жаттығуы. Нүктелер.<br>Сергіту сәті. "Ақша қар қалықтап."<br>Өздігінен сурет салу.<br>Бейнежазбаны көрсету.Түрлі түстер (екінші бөлім) \| Bilimland Kids \|".<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | "Бәйтерек". | Балаларды Бәйтерек кескінін бойына қарындашпен көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілімен таныстыру; сызықтарды жоғары жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен салуға жаттықтыру; жағымды эмоциялық сезімдер мен мақтануына мүмкіндіктер туғызу. | Қарындашпен көлденең қысқа сызықтардың салу тәсілі. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "бәйтерек", "биік" сөздері арқылы жетілдіру. | Бәйтерек фотосуреті; ырғақты темпі орташа көңілді әуені жазбасы; Бәйтеректің дайын кескінінің биіктігі бойына солдан оңға қарай қысқа көлденең сызықтары, "терезелері", салынған сурет үлгісі; ортасы бос Бәйтерек кескіні салынған ақ қағаз беті; көк түсті қарындаштар, төсеніштер; арасында биік және аласа тізбектегі ойыншықтар (5-7) суреттері. Ортасы бос Бәйтерек салынған ақ қағаз беттері; көк түсті қарындаштар, төсеніштер. | Сурет көрсету. Бәйтерек фотосуреті.<br>Көркем сөз. "Астана – бас қалам".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Бәйтеректің терезелері.<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Көлденең түзу сызықтар.<br>Сергіту сәті. "Мен өсемін".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Биік - аласа" дамытушы ойыны.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | "Мерекелік жалаулар". | Балаларды доғалы сызық бойына жалауларды қылқалам арқылы салу тәсілімен таныстыру; қысқы мерекелер туралы жалпы түсініктерді қалыптастыру; қылқалам түгін сызыққа тигізіп, жақпа қойып отыруға жаттығтыру; сызықты "жалауларға" толтыруға дағдыландыру. | Қылқаламмен сызық бойымен жақпалар салу тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "бір жалау", "көп жалау" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Жіпке ілінген жалаулардың суреті; жіпке қылқаламмен басылған, тізілген қызыл жақпалар, "жалаулар", салынған дайын сурет үлгісі; көлденең, созылған сызықша салынған қағаз беті; қылқалам, ыдысқа құйылған қызыл қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі; түрлі түсті жалаулар; салтанатты көңілді әуен жазбасы, ырғақты темпі орташа әуен жазбасы. Көлденең созылған сызықша салынған қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған қызыл қою бояулар (гуашь), ыдысқа құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер. | Аудиожазбаны тыңдау. Сурет көрсету. Жалаулар. Көркем сөз. "Жіпке жалаулар ілдік". Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. "Жіпке ілінген жалаулар". Ауада сурет салу жаттығуы. Қылқаламмен жақпалау тәсілі. Сергіту сәті. "Жалаушалар – қолдарым". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Жалауға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 16 | "Шыршадағы ойыншықтар". | Балалардың сурет салуға арналған шырша сұлбасына қызығушылығын оятып, қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелермен шырша кескініне толықтырып, бояуға үйрету; жаңа жылдық мереке туралы түсінік беру; шыдамдылыққ тәрбиелеу. | Қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелерді шектелген жазықтыққа саул тәсілі. | Заттық сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "бір ойыншық", "көп ойыншық", "сары домалақ" сөздері арқылы жетілдіру. | Жаңа жылға безендірілген шырша туралы бейнежазба; рефлексия үшін шырша туралы әнімен дерілген бейнеролик; "ойыншықтарға", шарларға толған шыршаның дайын кескіні үлгісі; тігінен жатқан қағаз бетіндегі шырша сұлбасы; қылқалам, ыдысқа құйылған сары қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, панно үлгі; темпі орташа көңілді әуені жазбасы.<br>Тігінен, жасыл, ойыншықтарысыз шырша сұлбасы салынған, қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған сары қою бояулар (гуашь), ыдысқа құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер. | Шыршаның безенділірген туралы бейнежазбаны көрсету.<br>Әңгімелесу.<br>Көркем сөз. "Жарқырайды жұлдыздарым".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Шырша шарлары".<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Қылқалам ұшымен нүктелер".<br>"Егер қатты қаласаң..." қимылды жаттығуы.<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Шыршаны безендірейік" ойыны.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | "Қысқы алашадағы қар". | Балалардың қарындашпен сурет салу әрекетінде қолдарының ұсақ моторикасын, көзбен қардың пішіндері мен түсін қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу. | Қарындашпен шиыршықтап сурет салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "алаша", "домалап кетті" сөздері арқылы жетілдіру. | Балалардың қарды домалатып жатқаны туралы мазмұнды сурет; көлденең алаша үстінде солдан оң жаққа қарай тізіліп салынған қар үлгілері; көлденең сызықша салынған қағаз беті; қарындаш, панно, ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы; аудио жазба; қар жинау үшін қап. Көлденең төменгі жағына түзу сызық, "алаша" салынған, "қар" салынбаған қағаз беттері, көк түсті қарындаштар, төсеніштер; баланың әрқайсысына бір-бірден жететін, қатты мыжылған, ақ қағаздан жасалған "қар". | Сурет көрсету. "Қысқы ойындар".<br>Көркем сөз. "Қыс мезгілі тамаша".<br>Үлгі көрсету. "Қысқы жолдардағы қарлар".<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ауада сурет салу жаттығуы. Қар дөңгелектері.<br>Сергіту сәті. "Пингвиндер".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Қармен ойнайық" қимыл жаттығуы. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | "Ақша қар". | Балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып "Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап, дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру; шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Бормен қысқа сызықтарды айқастырып салу тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "айқас", "түсті", "ұшты" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Өрнектелген (қарапайым) ақша қардың жоғарыдан баяу жауып жатқаны туралы шағын бейнежазба; көк қарындашпен екі сызықты айқастырып, ақша қар салынған дайын сурет үлгісі; таза ақ қағаз беті; көк борш; вальс ырғағындағы әуен жазбасы.<br>Ақ қағаз беттері, көк түсті борлар, төсеніштер; шелек, қағаздан ойылып, кесілген ақша қар кескіндері. | Қардың жауғаны туралы бейнежазбаны көрсету.<br>Көркем сөз. "Ақша қар жауады".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ақша қарлар.<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Айқасқан сызықтар.<br>Сергіту сәті. "Ақша қар қалықтап."<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Ақша қар жинайық" қозғалыс жаттығуы.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | "Түлкі іздері". | Балалардың саусақпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру; ересекпен ортақ ойынға белсенді қатысу қабілеттерін қалыптастыру; аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылық қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу. | Саусақпен бояуды қағаз бетіне бастыру техникасы | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "аяқ басты", "іздер" сөздері арқылы жетілдіру. | Түлкінің орман ішінде қарды иіскеп, жортып келе жатқаны бейнеленген сурет; жіңішке тіктөртбұрышты ақ қағаз үстінде саусақпен басылған, көк "іздер", саусақпен шахмат ретімен жағылған көк дақтар, "іздер", салынған дайын сурет үлгісі; жіңішке тіктөртбұрыш ақ қағаз; ыдысқа құйылған көк қою бояу, төсеніш, сүлгі, панно үлгі; аудио жазба; түлкінің маскасы.<br>Жіңішке тіктөртбұрыш қағаз беттері; ыдысқа құйылған көк қою бояулар (гуашь), төсеніштер, сүлгілер. | Сурет көрсету. Қысқы орманда түлкі жүр.<br>Көркем сөз. "Түлкі".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету. Түлкі іздері.<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Саусақтармен бастыру.<br>Сергіту сәті. "Түлкішек".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Мен түлкімін, түлкімін" зейінді жаттықтыру.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | "Құстар жем шоқиды". | Балаларды жемшашарды ұшына мақта оралған таяқшамен нүктеге толтыруға дағдыландыру; нүктелер бірдей түсте болуы үшін бояуға дұры малуға көңіл аударуға дағдыландыру; ойын желісіне сай келетін сурет сала алу қабілетін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру. | Сурет салу құралымен нүктелерді шектелген жазықтықта салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "жем", "ұсақ", "шоқиды" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Қыстайтын бір-екі құстың жемшашарда отырғаны бейнеленген мазмұнды сурет; жем салынған дорба; қағаз бетіндегі жемшашар кескіні; ұшы мақтаға оралған таяқша; таяқша салатын ыдыс, төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі; ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасы. Жемшашар салынған қағаз беттері; ұшы мақтаға оралған таяқша; ыдысқа құйылған сары қою бояулар (гуашь), таяқшаларға ыдыстар, төсеніштер, сүлгілер; балапан маскалары немесе қалташалар. | Ғажайып сәт. Жем салынған дорба. Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. "Жем". Ауада сурет салу жаттығуы. Мақта таяқшасымен нүктелер. Сергіту сәті. "Құстар, құстар, келіңдер". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Құстар, құстар, келіңдер" жаттығуының жалғасы. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 21 | "Ала Марғау". | Балаларды қылқалам және бояу арқылы марғау сұлбасына тіке жатқан сызықтарды салу техникасына үйрету; салынып шыққан суретті "ала марғау" деп атауға үйрету; мысықтың тіршілігі туралы түсініктерді жетілдіру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | Шектелген тіке жатқан сызықтарды салу техникасы. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "ала марғау", "арқасы" сөздері арқылы жетілдіру. | Аудиожазбалар; ойыншық марғау немесе суреті; ала марғаудың сұлбасына солдан оң жаққа салынған сызықтардың сурет үлгісі; көлденең тіктөртбұрыш пішіндегі қағаз бетіндегі марғаудың кескіні; қылқалам, ыдысқа құйылған сұр қою бояу, тіреуше, төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі. Көлденең тіктөртбұрыш пішіндегі қағаз бетіндегі марғаудың кескіндері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған сұр қою бояулар (гуашь), тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер; ойын үшін түрлі түсті жіптер. | Аудиожазбаны тыңдау. Мысықтың дыбысы. Ғажайып сәт. Сары марғау. Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. Мысықтың арқысындағы сызықтар. Ауада сурет салу жаттығуы. Тіке қысқа сызықтар. Сергіту сәті. "Алға қадам басайық". Өздігінен сурет салу. Жеке жұмыс. "Жіптің түсін ата" дамытушы жаттығуы. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 22 | "Сөредегі табақтар". | Балаларды қарындашпен шақпақтар ішіне кезегімен дөңгелек пішінді табақтарды салуға үйрету; ыдыстың тұрмыстағы қажеті туралы түсініктер беру; ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. | Қарындашпен шектелген жазықтықтарға дөңгелек пішінді заттардың салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "ыдыстар", "табақ" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Сөреде тұрған ыдыс түрлерінің суреті; жіңішке тіктөртбұрыштағы төрт шаршы ішіне бір-бірден салынған жасыл табақтар суреті; төрт шаршыға бөлінген жіңішке тіктөртбұрыш пішініндегі қағаз беті; жасыл қарындаш, сурет салу үшін панно; темпі орташа көңілді әуен жазбасы.<br>Төрт шаршыға бөлінген жіңішке тіктөртбұрыш пішініндегі қағаз беттері; жасыл қарындаш; төсеніштер; әр қапқа салынған бір табақтың екі не үш қиығы. | Сурет көрсету. Сөредегі ыдыстар.<br>Кіріспе сұрақ-жауап.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Дөңгелектер.<br>Сергіту сәті. "Зерек болып өсейік".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Табақты жина" дамытушы ойын-жаттығуы.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23 | "Қорапшаға кәмпит жинадық". | Балаларды саусақпен бояуды қағаз бетіне бастыру техникасына үйрету; салынған суретті "қорапшада кәмпиттер" деп көруге үйрету; ыдыстың тұрмыстағы қажеті туралы түсініктер беру; ұқыптылыққа, зеректікке тәрбиелеу. | Саусақпен бояуды қағаз бетіне бастыру техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "кәмпит", "басамын" сөздері арқылы жетілдіру. | Ойыншық қуыршақ Дана немесе оның суреті; кәмпиттері таусылған, бос қорап немесе суреті; бірдей шақпақтардың әрқайсысына саусақпен басып қойылған қызыл дақтар суреті; бірдей шақпақтарға бөлінген тіктөртбұрышты ақ қағаз беті; ыдысқа құйылған қызыл қою бояу, төсеніш, тіреуше, сүлгі, панно үлгі сурет салу үшін; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы; "Дәмді және дәмсіз! \| Bilimland Kids \|" бейнеролигі. Бірдей шақпақтарға бөлінген тіктөртбұрышты ақ қағаз беттері (шақпақтар екі-үш қатарда); ыдысқа құйылған қызыл қою бояулар (гуашь), төсеніштер, сүлгілер. | Ғажайып сәт. Қуыршақ Дана. Кәмпиттері таусылған, бос қорапты көрсету. Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. "Кәмпиттер". Ауада сурет салу жаттығуы. Саусақпен басу. Сергіту сәті. "Біз әдепті баламыз". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Дәмді және дәмсіз! \| Bilimland Kids \|" бейнежазбасын көрсету. Кейіпкермен қоштасу. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | "Доп". | Балаларды қылқаламмен қағаз бетінің ортасына дөңгелекке ұқсас доптың бейнесін салуға үйрету; доптың сұлбасы ортасына көлденең екі сызықты салуға жаттықтыру; сурет салудың соңында қылқаламды суға жуып, тіреушеге қоюға үйрету; салауатты өмір салты ережелеріне баулу. | Қылқаламмен пішіні дөңгелек тәріздес затты салу тәсілі. | Заттық сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "доп", "көк", "дөңгелек" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Көк доп немесе доптың суреті; қағаз ортасына салынған ала сызықтары бар көк доп суреті; ыдысқа құйылған көк қою бояу, қылқалам, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су, қылқаламға тіреуше, төсеніш, сүлгі; ақ қағаз беті; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы. Таза қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған көк қою бояулар (гуашь), қылқаламдарға тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер. | Ғажайып сәт. Доп. Көркем сөз. "Доп". Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. Доп. Ауада сурет салу жаттығуы. Дөңгелек, екі түзу сызық Сергіту сәті. "Домалайды, домалайды". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Допты домалат" қозғалыс жаттығуы. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 | "Әжеге алқа". | Балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету; сызықты көбірек "моншаққа" толтыруға дағдыландыру; әшекейлердің қыздар тағатын әдемі бұйым екені туралы түсінік беру. | Сызықтың бойымен көлемдері бірдей дөңгелектерді салу тәсілі. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "алқа", "моншақ", "әдемі" сөздері арқылы жетілдіру. | Шын моншақтардан тізілген алқа немесе оның суреті; көлденең доға бағытымен салынған сызықша үстінде бірінен соң бірі тығыз тізілген моншақтардың суреті үлгісі; көлденең доға бағытымен сызықша салынған қағаз беті; қызыл қарындаш, сурет салу үшін панно; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы. Көлденең доға бағытымен сызықша салынған қағаз беттері, қызыл түсті қарындаштар, төсеніштер. | Сурет көрсету. Еркежан әжей. Көркем сөз. "Көктем мерекесі". Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. Моншақтар. Ауада сурет салу жаттығуы. Ұсақ дөңгелектер. Сергіту сәті. "Біз үлкен болып өсеміз". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Айна" қимыл жаттығуы. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 26 | "Бұлақтар". | Балаларды қағаз бетін солдан оңға қарай иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректеп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру. | Қағаз бетіне солдан оңға қарай иректерді салу тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "бұлақ", "ағып барады", "көгілдір" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Аудиожазбалар; шағын бейнежазба; қылқалам ұшымен қағазда солдан оңға қарай салынған ирек бірнеше сызықтың, "бұлақтардың" суреті; таза қағаз беті; қылқалам, ыдысқа құйылған көгілдір қою бояу (гуашь), ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су, тіреуше, төсеніш, сүлгі.<br>Таза қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған көгілдір қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартыдан аз деңгейде құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер; бірнеше көгілдір түстегі лента. | Аудиожазбаны тыңдау. Бұлақ ағымы.<br>Көктемнің келгені туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсету.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Бұлақ ағымы.<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Көлденең созылған толқынды (ирек) сызықтар.<br>Сергіту сәті. "Жарқырайды күн".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Бұлаққа түсіп кетпе" қимыл жаттығуы.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 27 | "Бауырсақтар". | Балаларды дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; бормен қалдырып жатқан іздердің бағытын бақылап отыруға дағдыландыру; Наурыз мерекесіне дастарқан жаю рәсімімен таныстыру; мәдени-адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. | Бормен дөңгелек пішініне ұсақ дөңгелектерді салу тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "бауырсақ", "қызыл сары", "қонақ" сөздері арқылы жетілдіру. | Еркежан әжейдің суреті; мерекелі дастарқан сурет; дөңгелек табаққа салынған үлкен домалақ бауырсақтар суреті; дөңгелек қағаз беті; қызыл сары бор; аудиожазба. Дөңгелек қағаз беттері; қызыл сары борлар. | Ғажайып сәт. Мерекелі дастарқан суреті. Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. Табақтағы бауырсақтар. Ауада сурет салу жаттығуы. Дөңгелектер. Сергіту сәті. "Көңілді балалар". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Наурыз тойын бастайық" сөздік жаттығуы Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 28 | "Сүлгіні безендірейік". | Балаларды қағаз бетіндегі шаршы пішінін бақылап, саусақты бояуға малып, "сүлгіні" безендіруге жаттықтыру; сүлгінің қол мен беттің және дененің таза болуы үшін қолданылатыны туралы түсініктерді пысықтау; бақылағыштық қабілетін дамыту. | Саусақты бояуға малып, шаршы пішінін безендіру тәсілі. | Декоративті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "ортасы", "бұрышы", "күлгін" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Қуыршақ Дана; оюлармен безендірілген сүлгі суреті; ортасы мен бұрыштары саусақпен басып қалдырған күлгін дақтармен безендірілген сүлгінің суреті; шаршы формасындағы ақ қағаз беті; ыдысқа құйылған күлгін қою бояу, төсеніш, қылқалам үшін тіреуше, үлгі, панно үлгі сурет салу үшін; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы; "Түрлі түстер (бірінші бөлім) \| Bilimland Kids \|" бейнежазбасы<br>Шаршы формасындағы ақ қағаз беттері; ыдысқа құйылған күлгін қою бояулар (гуашь), төсеніштер, сүлгілер | Ғажайып сәт. Қуыршақ Дана.<br>Сурет көрсету. "Сүлгі".<br>"Өнердің көзі- халықта" мәтелі.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Саусақпен басу.<br>Сергіту сәті. "Біз шығамыз сапарға".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Түрлі түстер (бірінші бөлім) \| Bilimland Kids \|" мультфильмі.<br>Кейіпкермен қоштасу.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 29 | "Жұлдыздар". | Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер беру; байқағыштығы мен елестету қабілетін дамыту. | Қылқаламның ұшымен біркелкі нүктелі дақтарды салу тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "төмен", "ортада", "жоғары" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Ғарыш туралы бейнежазба немесе сурет; жұлдызша кескіні; көлемдері әртүрлі жұлдыздар суреті; көкшіл түсті қағаз; қылқалам, ыдысқа құйылған сары қою бояу, қылқаламға тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі; темпі орташа вальс әуені жазбасы. | Ғажайып сәт. Жұлдызша.<br>Ғарыш туралы бейнежазба.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ғарыштағы жұлдыздар.<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Қылқаламмен нүктелер.<br>Сергіту сәті. "Өсіндер бойлай".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Жұлдыздарды жинап алайық" қозғалыс жаттығуы.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 30 | "Құлыншаққа шарбақ". | Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтар үстіне жоғарыдан төмен таяқшаларды салып шығуға жаттықтыру; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беу; оқу қызметінде адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. | Бормен тігінен қысқа сызықтарды салу техникасы. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "шарбақ", "таяқша", "қоңыр" сөздері арқылы жетілдіру. | Көкшіл түсті қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған сары қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су, қылқаламдарға тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер; көлемдері әртүрлі, түстері қызыл, сары, қызыл сары жұлдыздар кескіндері, шелек. | Сурет көрсету. Жайлау. Ғажайып сәт. Ойыншық құлыншақ. Үлгі көрсету. Сурет салу амалдарын көрсету. "Шарбақ". Ауада сурет салу жаттығуы. Тіке қысқа сызықтар (таяқшалар). Сергіту сәті. "Құлыншақ болайық". Өздігінен сурет салу. Жеке баламен жұмыс. "Қарт МакДональд! \| Bilimland Kids \|" мультфильмі. Кейіпкермен қоштасу. Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 31 | "Жасыл желек". | Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға үйрету; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру; бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. | Қылқаламмен жақпалар салу тәсілі. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "жасыл желек", "бұталар" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Жасыл желекті отырғызу туралы мазмұнды сурет; тігінен жатқан қағаз бетіндегі жалаңаш ағаш желегі кескінінің ұштарына қылқаламмен басылған жасыл дақтар, "жапырақтар"суреті; жалаңаш ағаш желегінің сұлбасы салынған қағаз беті; қылқалам, ыдысқа құйылған жасыл қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі; "Күн райы \| Bilimland Kids \|" бейнежазбасы. Жалаңаш ағаш желегінің сұлбасы салынған қағаз беттері; қылқаламдар, ыдысқа құйылған жасыл қою бояулар (гуашь), ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су, тіреушелер, төсеніштер, сүлгілер. | Сурет көрсету. Ағаштарға су құю.<br>Көркем сөз. "Күннің көзі".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>"Ағаштағы жасыл жапырақтар".<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Қылқаламмен жақпа салу.<br>Сергіту сәті. "Желектер".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>Бейнежазбаны көрсету. "Күн райы \| Bilimland Kids \|".<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 32 | "Әуедегі шарлар". | Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша "шар" салуға үйрету; геометриялық пішіндердің біріне ұқсайтын кескінді салуға жаттықтыру: көзбен шардың пішіні мен түстерін қабылдауын, бақылағыштығы мен елестету қабілетін дамыту; жағымды эмоциялардың дамуына мүмкіндіктер жасау. | Қарындашпен дөңгелек және сопақша тәріздес пішіндерді салу тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "алақай", "сопақ", "домалақ" сөздері арқылы жетілдіру. | Жіптерге түйіліп байланған түрлі түсті шарлар суреті; қуыршақ Дана; үш түсті домалақ шарлардың суреті; ақ қағаз беті; ыдыста көк, қызыл, сары түсті қарындаштар; аудиожазба. Ақ қағаз беттері; ыдыстарда көк, қызыл, сары түсті қарындаштар, төсеніштер. | Сурет көрсету. Түрлі-түсті шарлар.<br>Көркем сөз. "Шарлар".<br>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақ Дана.<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Шарлар".<br>Ауада сурет салу жаттығуы. Дөңгелек, сопақша.<br>Сергіту сәті. "Шарлар".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Шарды үрлеп өсірейік" ойыны.<br>Кейіпкермен қоштасу.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 33 | "Отшашулар (Салют)". | Балаларға қағаз бетіне түрлі түсті борлармен (қара түсті қоспау) ұзын және қысқа сызықтарды "отшашуларды", "сәулелерді" салуды үйрету; мерекелерді атап өту және оны безендіру рәсімі туралы түсінік беру. | Бормен ұзын және қысқа сызықтарды салу тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "отшашу", "салют", "атып жатыр" сөздері арқылы жетілдіру. | Отшашулар (салют) туралы сурет; саусақпен (алдына ала) қойылған жақпаның ортасынан жан-жаққа қысқа және ұзын сызықтар, отшашу "ұшқындары" салынған сурет үлгісі; бірнеше жерге түрлі түсті саусақ дақтары қойылған қағаз беті; ыдыста түрлі түсті борлар; төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі; аудио жазба; "Көңіл-күй \| Bilimland Kids \|" бейнежазбасы.<br>Ыдыстарда түрлі түсті борлар, бірнеше жерге түрлі түсті саусақ дағы қойылған қағаз беттері, төсеніш. | Отшашу туралы сурет (бейнежазба).<br>Көркем сөз. "Отшашу".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Сергіту сәті. "Қадам басайық".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Көңіл-күй \| Bilimland Kids \|" мультфильмі.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 34 | "Гүлдер". | Балаларды қағаздың бетіне гүлдерді толтырып салу техникасына үйрету; бормен қысқа сызықтарды қалдырып, гүлдердің сабақтарын салу, бояу мен қылқалам арқылы сабақтардың бастарына жақпа басып отыру дағдыларын қалыптастыру; пайда болған бейнелерді бір сөзбен, "гүлдер" деп атауға баулу. | Қылқаламмен жақпаларды белгілі орындарға бастыру техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "көктемгі дала", "гүлдер", "сабағы", "дала" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Гүл шоғының суреті (қызғалдақтар); сабағы ашық жасыл түсті гүлдер суреті; алдына ала бормен салынған қысқа және ұзын "гүл сабақтары" салынған қағаз беті; қылқалам, ыдысқа құйылған қызыл қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, сурет салу үшін панно үлгі; аудиожазба.<br>Ашық жасыл түсті бормен салынған қысқа және ұзын таяқшалар,"гүл сабақтары", салынған қағаз; қылқалам, ыдысқа құйылған қызыл қою бояу, тіреуше, ыдысқа жартыдан аз құйылған таза су; төсеніш, сүлгі, | Ғажайып сәт. Гүл шоғын немесе оның суретін көрсету.<br>Көркем сөз. Ө.Тұрманжанов "Шақырады кең дала".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Гүлдер".<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Қылқаламмен жақпалар салу.<br>Сергіту сәті. "Гүлдер".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс.<br>"Гүл шоғын кімге беремін" сөздік жаттығуы.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 35 | "Қозы". | Балалардың қозы кескінін бақылауға қызығушылықтарын оятып, қарындаш ұшымен қозының үстіндегі жүнін ұсақ бұйра оюлармен толтыруға үйрету; қозының шиыршықталған бұйра жүнін бір-біріне тығыз салуға дағдыландыру; үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсінік беру; шыдамдылық пен ұқыптылық танытуға тәрбиелеу. | Қарындашпен шиыршықтарды салу техникасы. | Заттық сурет салу | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "қозы", "бұйра" сөздері арқылы жетілдіру. | Қозының, қой, сиыр, бұзау, ешкі, лақ, жылқы мен құлыншақтардың өрісте жайылып жүргені туралы мазмұнды сурет, қозы алдыңғы жақта; ырқақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы; қарындашпен салынған шиыршықталған домалақтарға толы қозының дайын кескіні; қозының кескіні, жүнсіз бейнесі; сұр түсті карындаштар, төсеніш; биік және аласа ойыншықтар (5-7) суреттері.<br>Қозының кескіні салынған қағаз беттері; сұр түсті карындаштар, төсеніштер. | Сурет көрсету. Үй жануарлары.<br>Көркем сөз. Ө.Тұрманжанов "Қызғалдақ қызыл арай қырмызы бел".<br>Үлгі көрсету.<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Қозы".<br>Ауада сурет салу жаттығуы. Шиыршықтар.<br>Сергіту сәті. "Қозы қалай қимылдайды?"<br>Өздігінен сурет салу.<br>Жеке баламен жұмыс. "Қайсысы биік, қайсысы аласа" зейінге жаттығу.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 36 | "Алуан түсті алақан". | Балалардың әртүрлі бояуға малынған алақанын қағаз бетіне басып шығаруға ынталандыру; қызығушылықтарын арттырып, жұмыс нәтижесін тамашалауда эмоцияларға бөленуге жағдай туғызу. | Алақанмен бояуды қағаз бетіне бастыру техникасы. | Ұжымдық сурет салу. | Балалардың сөйлеу қабілеттерін "қызыл", "қызыл сары", "көгілдір", "жасыл", "сары", "көк" , "күлгін" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру. | Кемпірқосақ суреті; жеті ыдыста жеті түс құйылған қою бояулар; сүлгілер жинағы, қолданылған сүлгілерге арналған шелек; аудиожазба.<br>"Әр балаға бір ойыншықтан; түсі кемпірқосақтың бір түсіне сай және сай емес бірнеше заттың, не ойыншықтың суреті беріледі (баклажан, көгілдір шалбар, қызанақ, лимон, құлыншақ, қияр, картоп, апельсин, көк шәйнек, қасқыр, сәбіз, қоян, домалақ ақ бұршақтар салынған қызыл бокал, ала мысық, қонжық, қызғылт көйлек). | Сурет көрсету. Кемпірқосақ.<br>Көркем сөз. С. Оспанов "Кемпірқосақ".<br>Суретпен танысу. "Кемпірқосақ".<br>Өздігінен сурет салу. Доғалы сызықтар.<br>Сергіту сәті. "Жаңбыр тамшылары".<br>"Кемпірқосақты жинайық" дамытушы ойыны.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | |

**МОББ ТАБББ "Айналайын" бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК**
:Бекітемін:
МОББ ТАБББ "Айналайын"
Бөбекжай ЖБҚ МКҚК
директоры: Айкешова.Г.
"Айналайын" бөбекжай әдіскері
Денбаева. Н ___________
"01" "09" 2022 ж.

# 2022-2023 оқу жылына арналған сурет салу ұйымдастырылған іс- әрекетінің перспективалық жылдық жоспары
# Ортаңғы "Шаттық", "Еркетай" топтары

Бейнелеу өнері пәні мұғалімі: Жүнісбекова.Г.Т

| № | ҮІӘ тақырыбы | ҮІӘ мақсаты | Сурет салу техникасы | Сурет салу оқу қызметінің түрі | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар | Күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Түрлі-түсті доптар". | Балаларды түрлі-түсті карындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды салуға үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы мағлұматтарын кеңейту. | Қарындаш, фломастермен көлемі түрлі дөңгелектерді салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "көлемі кішкентай", "көлемі үлкен", "түрлі-түсті доптар", "пішіні дөңгелек" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | "Қарындаш" туралы бейнежазба.<br>Доптың суреті (немесе доп ойыншығы).<br>Сурет үлгісі: түрлі-түсті карындаштармен салынған, көлемі әртүрлі, доптардың суреті.<br>Сурет үлгісін көрсету үшін ақ қағаз беті.<br>Түрлі-түсті қарындаштар.<br>Көрсеткіш.<br>Ырғақты, темпі орташа әуен жазбасы.<br>Әрбір балаға ақ қағаз беттері, түрлі-түсті қарындаштар. | Қарындаш туралы бейнежазбаны көрсету.<br>Кіріспе әңгімелесу.<br>Көркем сөз. Жұмбақ. "Доп."<br>Суретті көрсету. Доп.<br>Үлгіні зерттеу. "Доптар шашылып қалды."<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Саусақ жаттығуы. "Түймеше."<br>Ауада сурет салу жаттығуы. Дөңгелектер.<br>Өздігінен сурет салу.<br>Баламен жеке жұмыс.<br>Дайын сурет үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.<br>"Доп конакка келді" ойын рефлексиясы.<br>Көркем сөз. "Доп." | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 30 | "Құрақ көрпе". | Балаларды ұжым ортасында түрлі ушбұрыштардан құрылған құрақ көрпе бейнесін фломастермен салу амалдарына үйрету; үлкен көрпе құрамындағы үшбұрыштар сұлбасы ізімен басып жүріп, үшбұрыш ішін қалаған ою түрлерімен безендіруде жаттықтыру; қазақтың тұрмыста қажет жабдығының бірі құрақ көрпемен таныстыру. Фломастерді үш саусақпен ұстап, жүргізген ізден көз алмай, ушбұрыш пішінін салу техникасын қалыптастыру; дөңгелектер, нүктелер, түзу және толқынды, үзік және тұтас сызықтар салу техникасын жетілдіру. | Үшбұрыш пішінін салу техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балаларға "құрақ көрпе", "ою саламын", "иректі саламын", "дөңгелекті саламын", "түзу сызықты саламын" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Көңілді, ырғақты әуен жазбасы.<br>Көк шалғын ортасында әртүрлі көктем гүлдерінің өсуі туралы бейнежазба.<br>Еркежан әжейдің суреті.<br>Сурет үлгісі: көлденең жатқан қағаз бетінде ұшбұрыштардан құралған құрақ көрпе.<br>Мнемокарточкалар, ою түрлерінің үлгілері: ирек (толқын), бұлақ (шиыршық), көлденең, тіке, үзік, қиғаш сызықтар, дөңгелектер, нүктелер.<br>Үшбұрыштардың, маркермен сызылған, сурет салудағы жаттығуларды көрсету үшін, жеке бейнелері.<br>Түрлі-түсті фломастерлер, жайма (төсеніш).<br>Көрсеткіш.<br>Әрбір балаға түрлі-түсті фломастерлер, сүлгі. | Аудиожазбаны тыңдау.<br>Көктем гүлдері туралы бейнежазбаны көрсету.<br>Ғажайып сәт. Еркежан әжей.<br>Көркем сөз. "Құрақ көрпе".<br>Үлгіні зерттеу.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Саусақ жаттығуы. "Шаршы бұрышын көрейік".<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Өздігінен сурет салу.<br>Баламен жеке жұмыс.<br>Дайын сурет үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. |

ндау.
алы
ету.
кан әжей.
көрпе".
ын
Шаршы
ттығуы.
ктау

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 31 | "Гүлденген баубакша". | Балаларды көлденең жаткан қағаз бетіне, төменгі түзу сызыкка карындашпен бірнеше ағашты катарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына макта таякшаларымен нүктелі жакпалар койып, жаңа атып жаткан бүршіктерді салу амалына жаттыктыру; табиғаттың көктем мезгілінде гүлдеп, құлпырғаны туралы түсініктер беру. | Тіке және кигаш сызыктар аркылы ағашты салу тәсілі. Макта таякшасымен нүктелі жакпалар салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "ағаштың діңгегі", "ағаштың бұтасы", "нүктелі жакпалар", "бау-бакша", "гүлдері" сиякты сөздер мен сөз тіркестерін айткызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Гүлденген ағаштар туралы бейнежазба. Сурет үлгісі: көлденең жаткан көгілдір қағаз бетіндегі гүлденген ағаштар. Ағаштар коңыр карындашпен тура, кигаш сызыктар аркылы, гүлдері макта таякшасымен нүктелі жакпалар түрінде салынған. Көлденең жаткан көгілдір түсті қағаз беті. Қоңыр түсті карындаш, ыдыска құйылған кызғылт гуашь бояуы, макта таякшалары, макта таякшаларын салатын ыдыс, жайма (төсеніш). Көрсеткіш. Ырғакты, темпі орташа әуен жазбасы. Көбелектің, араның ұшканы туралы сурет. Әрбір балаға көлденең жаткан көгілдір түсті қағаз беті, коңыр түсті карындаш, ыдыска құйылған кызғылт гуашь бояуы, макта таякшалары, макта таякшаларын салатын ыдыс, жайма (төсеніш). | Гүлденген көктем туралы бейнежазбаны көрсету. Көркем сөз. "Көктемгі бау-бакша". Үлгіні зерттеу. Сурет салу амалдарын көрсету. Саусак жаттығуы. "Желектер". Ауада сурет салу жаттығуы. Ағаштар. Макта таякшасымен соккылау. Өздігінен сурет салу. Баламен жеке жұмыс. Дайын сурет үшін мактау және оку кызметін пысыктау. Көктемгі жәндіктер туралы бейнежазбаны көрсету. | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 32 | "Зәулім үй". | Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуға машықтау; Қазақстанның қалаларында бір қабатты және көп қабатты үйлердің болатыны туралы түсініктер беру. Қылқалам арқылы екі тіке сызық салып, сызық шеттерін көлденең түзу сызықтармен қосып, тіктөртбұрышты салу техникасын жетілдіру; қылқаламды төгілмеуіште шайып, жаңадан бояумен қолдану амалдарын жаттықтыру. | Тіктөртбұрышты пішінді салу тәсілі. Қылқалам арқылы жақпалар қатарын салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балаларға "зәулім үй", "қатарға саламын", "жоғарыдан төмен", "қабаты көп" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Халықтар достығы туралы сурет. Көп қабатты үйдің суреті. Сурет үлгісі: тіке жатқан қағаз бетіне салынған зәулім үйдің суреті. Зәулім үй сұлбасы, үстіден төмен бір қатарға тізілген, қылқаламның жақпаларынан тұратын, терезелермен безендірілген. Тіке жатқан қағаз беті. Гуашь бояуының бірі құйылған ыдыс, қылқалам, тіреуше, төгілмеуіш, жайма (төсеніш), сүлгі. Көрсеткіш. Ырғақты, темпі орташа әуен жазбасы. Әрбір балаға тіке жатқан қағаз беті, гуашь бояуының бірі құйылған ыдыс, қылқалам, тіреуше, төгілмеуіш, жайма (төсеніш), сүлгі. | Халықтар достығы туралы бейнежазба. Суретті көрсету. Көркем сөз. "Биік, зәулім үй саламын". Кіріспе әңгімелесу. Үлгіні зерттеу. Сурет салу амалдарын көрсету. Саусақ жаттығуы. "Үйді салғым келеді". Ауада сурет салу жаттығуы. Өздігінен сурет салу. Баламен жеке жұмыс. Дайын сурет үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. Қазақстан астанасы туралы бейнежазбаны көрсету. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 33 | "Әскери көлік". | Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын салуға жаттықтыру; сопақшаның үстінен тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету; Отан қорғаушылар күні жөнінде түсініктер беру, әскери көліктің жай көлікпен ұқсастықтары барына көңіл аударып, білімдерін тиянақтау. Қарындаш арқылы қағаз бетіне үлкен пішін салу техникасын, доғалы сызықты жарты дөңгелек пішініне айналдыру амалдарын қалыптастыру. | Сопақша және дөңгелектерді бір бейнеге біріктіріп салу тәсілі. | Заттық сурет салу. | Балаларға "әскери көлікті саламын", "сопақша үстінен дөңгелектерді саламын", "шынжыр табаны", "кабинасы" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Әскери көліктер жүріп жатқан шеру туралы сурет (бейнежазба).<br>Аланның әскери киім кигенін бейнелейтін сурет.<br>Әскери көліктің суреті.<br>Сурет үлгісі: көлденең жатқан қағаз бетіне қарындашпен салынған әскери көліктің суреті.<br>Көлденең жатқан қағаз беті.<br>Қоңыр немесе жасыл түсті қарындаштың бір түсі, жайма (төсеніш).<br>Көрсеткіш.<br>Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.<br>Әрбір балаға қоңыр немесе жасыл түсті қарындаштың бір түсі, жайма (төсеніш). | Әскери көліктер жүріп жатқан шеру туралы бейнежазбаны көрсету.<br>Көркем сөз. "Әскери көліктер".<br>Суретті көрсету. Әскери көліктер.<br>Ғажайып сәт. Әскери киім киген Алан.<br>Үлгіні зерттеу.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br>Саусақ жаттығуы. "Біз шығамыз сапарға".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Баламен жеке жұмыс.<br>Дайын жұмыс үшін мақтау, пысықтау.<br>Рефлексия. "Алан әскери қызметкер". | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 34 | "Дала гүлдері". | Балаларды дымқыл құм бетіне алақанды батырып, гүлге ұқсас іздер қалдыруға үйрету, саусақпен гүл бүршігіне сабағын, жапырақтарын тиістіріп салуға жаттықтыру; құммен жұмыс жасау ережелерін қайталау; көктемде жер бетіне өсіп шығатын гүлдер туралы түсініктер беру. Алақанмен дымқыл құм үстіне нақтылы із қалдыру, саусақпен гүлдің сабағын, жапырағын салу техникасына дағдыландыру. | Дымқыл құм бетіне алақанды батырып салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "алақанды құмға бастырамын", "құм дымқыл", "құм құрғақ", "құмға сурет салдым" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Дала гүлдері туралы бейнежазба.<br>Гүлдердің бір қатарда өсіп тұрғаны туралы сурет.<br>Сурет үлгісі: дымқыл құм бетінің үстіне саусақпен гүлдің сабағы салынған, гүлдің басында және сабағының жан-жағында алақанның бастырылған іздері жатыр.<br>Ыдысқа салынған құм.<br>Суреттер сериясы:<br>- алақандағы құмның құрғақ күйі,<br>- алақандағы бауырсақ пішініне келтірілген дымқыл күйдегі құм,<br>- құм бетінде нүкте, толқын, сызықтар оюлары.<br>Көрсеткіш. Ырғақты, темпі орташа әуен жазбасы.<br>Әрбір балаға тазаланған құрғақ және дымқыл құм, сүлгілер. | Гүлдер туралы бейнежазбасын көрсету..<br>Көркем сөз. "Дала гүлдері".<br>Суретті көрсету.<br>Кіріспе әңгімелесу.<br>Затты зерттеу.<br>Сурет салу амалдарын көрсету.<br>Саусақ жаттығуы ""Біз жас өскін, баламыз"".<br>Өздігінен сурет салу.<br>Баламен жеке жұмыс.<br>Дайын сурет үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.<br>Рефлексия. "Менің қиялдарым". |

рсету..
гүлдері".
ын
'Біз жас
у.
іс.
ақтау

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 35 | "Бұлттар". | Балаларды қағаз бетін боршалар мен гуашь бояуы арқылы салынған сопақ және дөңгелек пішінді бұлттар бейнелерімен толтыруға үйрету; боршалармен салынған бұлттар сұлбасын сорғышпен ақ бояуға жақпалап, бояп, үлпілдек сипатына жету амалымен таныстыру; бұлттар мен жаңбырдың пайда болуы туралы табиғат құбылысын түсіндіріп, негізгі ұғымдарды қалыптастыру. Қағаз бетін дөңгелек және сопақ, үлкен және кішкентай пішіндермен, бір-біріне тиістірмей, орналастыру техникасын жетілдіру; пішіндер аясын сорғышпен жақпалап, бояу барысында тазалықты сақтау амалдарына зейін салу; көзбен пішінді қабылдау, елестету және қиялдау мүмкіндіктерін дамыту. | Дөңгелек және сопақша пішіндерін салу тәсілі. Губкамен пішінді жақпалап бояу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "бұлттар саламын", "пішіндері дөңгелек, сопақша", "сорғышпен жақпаладым", "шетінен шықпадым" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Ұшқан бұлтттардың суреті. Темпі баяу әуен жазбасы. Сурет үлгісі: көлденең жатқан көк түсті қағаз бетіне ақ боршамен салынған бұлттар суреті. Бұлттар сұлбалары ақ гуашь бояуына батырылған сорғышпен жақпаланып, боялған. Бұлттар пішіндері дөңгелек немесе сопақшаға ұқсайды. Көкке боялған қағаз беті. Ыдыска құйылған қою ақ гуашь бояуы, сорғыш, тіреуше, ақ борша. Көрсеткіш. Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы. Бұлттар туралы бейнежазба. Әрбір балаға көк түске боялған қағаз беті, ыдысқа құйылған ақ түсті гуашь бояуы, сорғыш, тіреуше, жайма (төсеніш), сүлгі. | Аудиожазбаны тыңдау. "Бұлттардың ұшады". Бұлттардың аспанда ұшып бара жатқаны туралы бейнежазба. Көркем сөз. "Бұлттар". Үлгіні зерттеу. Сурет салу амалдарын көрсету. Ауада сурет салу жаттығуы. Саусақ жаттығуы. "Бұлттар құстар сияқты". Өздігінен сурет салу. Баламен жеке жұмыс. Дайын сурет үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. Рефлексия. "Ғажайып бұлттар" бейнеролигін қайтадан көрсету. | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 36 | "Күлімдеген балалар". | Балаларды асфальтта түсті боршалармен адам бетінің пішінін салуға үйрету; дөңгелек көздер мен доғалы ауызды нақтылы салып, адамның жақсы көңіл-күйде болғанын жеткізуге жаттықтыру; өз суретінде кімді салғанын, көңіл-күйін айтуға машықтау; адам мимикасының түрлері, ерекшеліктері туралы ұғымдар қалыптастыру. Түсті боршамен асфальтта сурет салу техникасын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен көру арқылы пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. | Бормен асфальт бетіне сурет салу тәсілі. | Ұжымдық сурет салу. | Балаларға "бұл мен", "күліп тұр", "беті дөңгелек", "күлімдейді" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Жазғы киімді киген Дана мен Аланның суреті. Дөңгелек пішінді бейнелерге ұқсайтын заттардың суреттері. Адамның түрлі келбеттері туралы суреттер. Асфальт алаңында салынған күлімдеген баланың беті. Әр балаға түрлі-түсті боршалар. | Ғажайып сәт. Дана мен Алан. Бейнероликті көрсету. Дөңгелектер. Көркем сөз. "Күлімдеген дөңгелектер". Үлгіні зерттеу. Сурет салу амалдарын көрсету. Сергіту сәті. «Егер өте қаласаң ...» Өздігінен сурет салу. Баламен жеке жұмыс. Дайын сурет үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. |

МОББ ТАБББ "Айналайын" бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК
:Бекітемін:
МОББ ТАБББ "Айналайын"
Бөбекжай ЖБҚ МКҚК
директоры: Айкешова.Г.
"Айналайын" бөбекжай әдіскері
Денбаева. Н ________
"01" "09." 2022 ж.

# 2022-2023 оқу жылына арналған сурет салу ұйымдастырылған іс- әрекетінің перспективалық жылдық жоспары
# Ересек "Ақбұлақ", "Күншуақ" топтары

Бейнелеу өнері пәні мұғалімі: Жүнісбекова.Г.Т

| № | ҮІӘ тақырыбы | ҮІӘ мақсаты | Сурет салу техникасы | Сурет салу оқу қызметінің түрі | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар | Күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Балабақша". | Балаларды екі параллельді сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруге үйрету; қарындашпен сурет салу техникасын жетілдіру; геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту; балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Қарындашпен геометриялық пішіндерді салу тәсілі. | Заттық сурет салу. | Балаларға «кең», «ғимарат» сөздерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Қарындаш құралы туралы бейнежазба. Әртүрлі ырғақты әуендер. Сурет үлгісі: түрлі-түсті қарындаштармен салынған балабақшаның үлгі суреті. Түрлі-түсті қарындаштар, таза қағаздың беті. Үйдің, балабақшаның әртүрлі суреттері. Балабақшаның суретін салу кезеңдері. Бір қатарда түрлі ғимараттардың түрлі-түсті суреттері. Әрбір балаға ақ қағаз беттері, түрлі-түсті қарындаштар.Ойыншықты салуға шағын қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Тәжірибе жаттығуы. «Менің ойыншығым?» Көркем сөз.тС. Иманасов «Қарындаш». Үлгіні зерттеу. «Балабақша». Сурет салу амалдарын көрсету. «Балабақша». Саусақ жаттығуы. «Суретті қолдың қимылымен көрсетейік». Өздігінен сурет салу. «Балабақша». Зейінге жаттығу. «Сипаттамасына қарай ғимаратты тап». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстарынан көрмесі. Рефлексия. «Балабақша». | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | "Әжем пісірген піспенанды безендірейік". | Балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту; отбасы мүшелері туралы түсініктерді тиянақтау; балаларға қазақтың ою элементтері жөнінде қарапайым ұғымдарды жетілдіру; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу қабілеттерін дамыту; нанды қастерлеуге, еңбекті, жақынды сүюге тәрбиелеу. | Дөңгелек пішінін оюо элементтерімен безендіру тәсілі. Қызғалдақ оюын салу техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балаларға «піспенан», «бастары жан-жаққа қарап тұр», «үш-үштен» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Көңілді және ырғақты әуенжазбалары. Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Шыны ыдыстағы әртүрлі оюлармен безендірілген піспенандардың суреті. Қарындашпен салынған гүлдермен безендірілген піспенан суретінің үлгісі. Суретке негіз болатын дөңгелек пішінді қағадың беті. Өсіп тұрған қызғалдақтардың қатарлары. Логикалық ойын үшін Дана, әжей, Алан үшін саны әртүрлі (үшке сай немесе сай емес) гүлдердің суреттері. Түрлі-түсті қарындаштардың корабы. Дәмін көруге арналып табақшаға салынған әртүрлі піспенандар. Балалардың санына сай дөңгелек пішінді қағаздың беттері, түсті қарындаштар. | Аудиожазбаны тыңдау. Көркем сөз. Б. Тікебаева. «Әжеме». Сурет бойынша кіріспе әңгімелесу. Үлгіні зерттеу. «Піспенан». Сурет салу амалдарын көрсету. «Дөңгелекті гүлдермен безендірейік». Саусақ жаттығуы. "Қызғалдақтай саусақтар". Ауада сурет салу жаттығуы. «Қызғалдақ». Өздігінен сурет салу. «Піспенанды қызғалдақ оюымен безендіру». Логикалық ойын. «Саны тең гүлдерді табайық». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Өздік жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Піспенанның дәмін көрейік». |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | "Арқасын жиырған мысық". | Балаларды бормен арқасын жиырған мысық бейнесін салу амалдарына үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру; мысық бейнесін дене мүшелері мен сыртқы келбетін сызықтарымен толықтыруға талпындырту; мысықтың тіршілігі туралы білімдерді пысықтау; дене пропорцияларына көңілін аудару; үй жануарларына қамқорлықпен қарауға шақыру. | Доғалы сызық негізінде бейнені салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балаларға «тікірейіп құлағы», «бойын жазып, керіліп» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Көңілді және салмақты әуен жазбалары. Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Мысықтың суреті. Ақ, ала, қара мысықтардың жеке тұрған суреттері. Сызбалы суреттер: тіке, ирек және доғалы сызықтар. Мысықтың түрлі қалыптарын білдіретін көрнекілік суреттердің тізбегі. Арқасын жиырған мысықтың бормен салынған суретінің үлгісі. Арқасын жиырған мысықты салу кезеңдерін білдіретін үлгілер тізбегі. Мысықтың қараңғыдағы көздерінің суреті. Түрлі-түсті бордың қорабы. Бірнеше мысықтың арасында тұрған екі бірдейінің әртүрлі қалыпта тұрғанын бейнелейтін сурет. Балалардың санына сай келетін таза қағаз беттері мен түсті бордың қораптары. Мысықтың саусақтарға кигізілетін маскалары. | Күтпеген сәт. "Мысық". Зейінге жаттығу. «Мысық не істейді?» Көркем сөз. Н. Арынова «Мысығым». Кіріспе әңгімелесу. Үлгіні зерттеу. «Арқасын жиырған мысық». Сурет салу амалдарын көрсету. «Арқасын жиырған мысық». Саусақ жаттығуы. «Мысық қалай қимылдайды?» Ауада сурет салу жаттығуы. «Доғалы сызық, дөңгелек, сопақша». Өздігінен сурет салу. «Арқасын жиырған мысық». Ойын-жаттығу. «Бірдей мысықты тап». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Өздік жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Мысық сияқты қимылдайық». | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | "Ыдыстар". | Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езіп, қылқалам арқылы кою консистенциясын жасау техникасын қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің жанына салып, табақша мен шыны-аяқ бейнелерін бір сюжетке біріктіруге үйрету; салынған пішіндерді белгілі ырғақта нүктелермен безендіру техникасында дағдыландыру; отбасыдағы туыстық, жылы қарым-қатынастар туралы түсініктерді дамыту; қағаз бетін бағдарлау қабілетін, зейінді, ақыл-ойды дамыту; шыдамдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. | Акварельді жасау техникасы. Жарты шеңбер пішіндері негізінде затты салу техникасы. | Сюжеттік сурет салу. Натюрморт негіздері. | Балалардың сөйлеу тілін: акварель, шеңбер, жарты шеңбер, мүйіз оюы сияқты сөздері мен сөз тіркесі арқылы жетілдіру. | Қазақ халқының күйлері жазылған аудиожазбалар. Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы. Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Алан мен достарының суреті. Дастарханның суреті, шай ыдысының бір данасы. Акварельді бояулар, қылқалам, тіреуше, төсеніш, ыдысқа құйылған таза су. Табақша мен кесе сурнтінің үлгісі. Шеңбер мен жарты шеңбердің сызбасы. Суретті салу кезеңдері. Ойынға қажетті суреттердің жұптары. Балалардың санына сай акварель бояуының қораптары, қылқалам, тіреуше, төсеніш, сүлгі, ыдысқа құйылған таза су. Көгілдір жалаушалар. | Аудиожазбаны тыңдау. Халық күйі - «Сұртеке». Миға шабуыл. «Қонақты күту салты». Көркем сөз. «Қазақстан жалауы». Сурет бойынша сұрақ жауап. Үлгіні зерттеу. «Ыдыстар». Сурет салу амалдарын көрсету. «Табақша мен кесе». Саусақ жаттығуы. «Ыдысты қалай жуамыз?» Ауада сурет салу жаттығуы. «Шеңбер мен жарты шеңбер». Өздігінен сурет салу..«Ыдыстар». Қабылдау мен елестетуге ойын-жаттығу. «Көлеңке нені жасырып тұр?» Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Өздік жұмыстар көрмесі. Музыкалық рефлексия. К. Күмісбеков. «Арман» күйі. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі". | Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояп, қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетіне күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру; ұжымдық жұмысты бейнелеп шығаруға дағдыландыру; зейінін, түстерді таңдаудағы эстетикалық талғамды дамыту; топтағы қарым-қатынастарды нығайту; тазалыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | Пішінді акварельмен бояу тәсілі. | Ұжымдық сурет салу. | Балаларға «бедерін басу», «қурап қалды», «үйеңкі» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Әсем күздің келгенін білдіретін әуенжазбасы. Вальс ырғағындағы жазба. Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Түрлі жапырақтар немесе суреттер. Күннің көзіне көрсетілген жапырақ немесе суреті. Қурап бара жатқан жапырақ немесе суреті. А4 форматындағы қағаздың беті. Акварельді бояу, ыдыста су, қылқалам, төсеніш, тіреуше, жапырақтар. Қылқаламмен белгілі бояуды таңдау суреттері. Бояудың қате жағылғаны және дұрыс шықпай қалған жапырақ бедерінің үлгісі. Екі бояудың жағылғаны, жапырақтың бедерінің үлгісі. Түрлі жапырақтардың бедері басылған қағаз бетінің үлгісі. Балалардың санына сай түрлі жапырақтар. Акварельді бояулар, қылқаламдар, төсеніштер, тіреушелер, ыдыстардағы су, сүлгілер. Емен, үйеңкі, қайың, терек жапырақтары, шыршаның инесі. | Аудиожазбаны тыңдау. "Күз". Кіріспе әңгімелесу. Бейнежазбаны көрсету. Көркем сөз. М. Мақатаев «Сап-сары жапырақтар». Затты зерттеу.«Жапырақтар». Сурет салу амалдарын көрсету. «Жапырақтың бедерін басу». Саусақ жаттығуы. «Жапырақтар қозғалды». Өздігінен сурет салу.. «Жапырақтардың бедерін басу». Дамытушы жаттығу. «Бұл қандай ағаштың жапырағы?» Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Күзгі жапырақтардың түсуі». | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 6 | "Жемістер". | Балаларды қылқаламмен алма мен алмұртты бейнелеуге үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқалам ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасы шетінен шықпай салу тәсілдерін игерту; жаңа аралас түстердің атауларымен таныстыру; күздің сыйлары, жемістерді жинаудағы адамның еңбегі туралы білімдерді пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, аықл-ойын, түстерді ажырату қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. | Дөңгелек пен сопақша пішіндерін салу, пішіндерді акварельді бояу техникасы. | Сюжеттік сурет салу. Натюрморт негіздері. | Балаларға «натюрморт», «қошқыл қызыл», «қызғылт сары»,«сары» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Қоянның туралы шағын бейнежазба. Жемістер өскен бау-бақшаның суреті. Суретші салған алма мен алмұрттың натюрморт суреті. Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Акварельді бояуды пайдаланып, алма мен алмұрттың қылқалам арқылы салынған суретінің үлгісі. Түсті карточкалар: сиякөк, қызыл, қызыл сары, қошқыл қызыл, қызғылт сары, қоңыр, күлгін. Натюрмортты салудың кезеңдерін білдіретін суреттер. Қос қолды жайып ұстауды, қолға алманы не алмұртты ұстауды бейнелейтін сызбалар. Заттық суреттер: жемістер мен көкөністер. Акварельді бояулар, қылқаламдар, төсеніштер, тіреушелер, ыдыстардағы құйылған су, сүлгілер. | Аудиожазбаны тыңдау. Ғажайып сәт. Қоян. Көркем сөз. «Жемістер». Натюрморт үлгісімен таныстыру. Үлгіні зерттеу. «Алма мен алмұрт». Сурет салу амалдарын көрсету. «Алма мен алмұрт». Саусақ жаттығуы.и«Алма мен алмұртты қолдарымызға жасырайық». Ауада сурет салу жаттығуы.«Заттың сұлбасын бояу тәсілдері». Өздігінен сурет салу. «Жемістер». Түсті қабылдау қабілетіне жаттығу. «Түсті таны және ата». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Жемістер дәмін көрейік». И. Машковтың «Көк Өрік» суреті. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | "Алтын бидай алкабы". | Балаларды бидай алқабы көрінісін салуға үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидайды өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, зейінін, ақыл-ойын дамыту; адам еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | Өсімдікті (сабы, дәндері) салу техникасы. | Пейзаж негіздері. Сюжеттік сурет салу. | Балаларға «бидай масағы», «масақтың сабағы», «дақылдар», «пішен» сөздерін және «Дәнді шашпа, нанды баспа» мақалын айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Тышқан туралы бейнежазба. Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Көрнекілік заттық суреттер (тағамдар). Алтын бидай даласының суреті. Бидай масағының суреті. Сары бормен салынған масақ сабақтары мен жапырақтарының суреттері. Дақтар қатарларының саусақпен басу арқылы салынғаны, бір бидай масағының суреті. Жұпты суреттер. Ырғақты, темпі орташа әуендер. Кішкене табақшаларда бидай, сұлы, тары, жүгері, және күріш дақылдары. Дақылдардан жасалған тағамдардың суреттері. Төсеніштер, тіреушелер, қылқаламдар, сүлгілер, ыдыста су, акварельді немесе гуашь бояулары, борлар. | Бейнесюжет бойынша әңгімелесу. Логикалық жаттығу. «Бидайдан шыққан өнімдер». Көркем сөз. Б. Тікебаева «Нан». Суретті зерттеу. «Алтын бидай алқабы». Сурет салу амалдарын көрсету. «Бидай масақтары». Саусақ жаттығуы. «Бидай масақтарын салып шығайық». Өздігінен сурет салу. «Алтын бидай масақтары». Топтарда бақылау жаттығуы. «Дақылдарды танып, ата». Ә. Қастеевтің «Пішен шабу» суретімен таныстыру. Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Ойын рефлексиясы. «Бұршақтар домалап жүр». | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | "Үйрек". | Балалардың үйрек сұлбасын қылқалам арқылы дымка ою элементтерімен безендіруге үйрету; дымка ойыншықтары нысандары туралы жалпы мәліметтер беру; жыл құстарының тіршілігі жөнінде білімдер жиынтығын пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; халық қол өнеріне деген қызығушылықтарды ояту. | Дымка ойыншығын ою элементтерінмен безендіру техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балаларға «Дымково оюы», «Дымково ойыншығы», «Дымково үйрегі» сияқты сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Дала құстарының қаңқылдаған дыбыстары. Құстардың жылы жаққа ұшқаны туралы бейнежазба. Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Акварельді бояу, қылқалам, төсеніш, тіреуше, ыдыстағы су, сүлгі. Дала үйректерінің суреті. Дымково ойыншығы үйрегінің суреті. Қағаздан ойылған үйректің сұлбасы. «Дымково оюларымен» безендірілген «Дымково ойыншығының» сұлбасы. Үйректің далада қаңқылдаған дыбысының жазбасы. Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы. Екі қатарда отырған сегіз «Дымково ойыншықтары» арасында екі бірдей безендірілген құстардың суреті бар. Акварельді бояулар, қылқаламдар, төсеніштер, тіреушелер, ыдыстардағы су, сүлгілер. | Аудиожазбаны тыңдау. Дала құстарының дыбыстары. Кіріспе әңгімелесу. Е. Елубай «Құстар, қайтып келіңдер!» Сурет бойынша әңгімелеу. Үлгіні зерттеу. «Дымково үйрегі». Логоритмика. «Үйрек суда жүзеді». Ауада сурет салу жаттығуы. «Үйректі безендіру тәсілдері пысықтау». Өздігінен сурет салу. «Үйрек». Зейінге жаттығу. «Бірдей екі үйректі тауып ал». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. Даладағы үйректің шығарған дыбыстары. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | "Үлкен және кішкентай қарбыздар". | Балаларды суреттің бояудың бетіне шығу сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері түрлі дөңгелектерді салып, ішін тике жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасы бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету; бақшада өсірілетін өнімдердің бірі, қарбыз туралы түсініктерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасы, пішінді және көлемді ажырату қабілетін дамыту; экологиялық мәдениетке баулу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | Көлемі әртүрлі заттарды салу тәсілі. | Сюжеттік сурет салу. Натюрморт негіздері. | Балаларға «ортамызластанбайды», «сурет бояудың бетіне шықты», «салмағы ауыр», «салмағы жеңіл» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Ырғақты, көңілді әуенжазбасы. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Адамдардың бақшада қарбызды жинағаны туралы сюжетті сурет. Сұлбасы ақ бормен, ала жолақтары қара бормен салынған, содан соң үстінен жасыл бояумен боялған үлкен және кішкентай қарбыздардың сурет үлгісі. Қарбыздардың суретін салу кезеңдерінің көріністері. Қағаз беті, акварель бояулары, қылқалам, борлар, тіреуше, су құйылған ыдыс, төсеніш, сүлгі. Дене мүшелеріне (көздері, иықтары, жамбасы, өкшелері) арналған жаттығуларын орындау сызбалы суреттері. Заттық суреттер: түрлі пішіндерге ұқсайтын заттардың суреттері. Сызбалы сурет: дөңгелек шар, доп, алма, қарбыз. | Аудиожазбаны тыңдау. Көркем сөз. Жұмбақ. Д. Ахметова «Қарбыз». Сурет бойынша әңгімелесу. «Қарбыздар бақшасы». Үлгіні зерттеу. «Үлкен және кішкентай қарбыздар». Сурет салу амалдарын көрсету. «Үлкен және кішкене қарбыздар». Денсаулықты сақтау жаттығуы. «Домалаған доптар». Өздігінен сурет салу. «Үлкен және кішкентай қарбыздар». Логикалық жаттығу. «Қайсысы ең ауыр?» Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Көкөністер әні». bilimkids.kz | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | "Жүк машинасы". | Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету; көлік бөліктерін тұтас жүк машинасы бейнесіне біріктіру амалдарын көрсету; жүк машинасының адамның еңбегінде алатын орны туралы түсіндіру; сурет салуда бөлшектерден құрылған бейненің үйлесімдігін сақтау іскерлігін, көз мөлшерін, елестету қабілетін дамыту; тияналтылыққа, мақсатшылдыққа тәрбиелеу. | Геометриялық пішіндер тәріздес бөлшектерді біріктіру негізінде тұтас затты салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балаларға «адамды тасымалдайды», «жүкті тасымалдайды», «қырман» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | bilimkids.kz сайындағы «Жүргізуші» мультфильмі. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Жүк машинасы мен жеңіл машинаның суреттері. Жүк машинасының бидайды қырманға төгіп жатқаны туралы сурет. Акварель бояуы, қылқалам, ыдысқа құйылған су, төсеніш, тіреуше, сүлгі. Қылқаламмен салынып, іші боялған жүк машинасының көрнекілік суреті. Кабинасы тіктөртбұрышты, шанағы шаршы пішінді, дөңгелектер шаршы пішінді - машинаның қате суреті. Жүк машинасын салу кезеңдерін білдіретін үлгі суреттер. Бағдаршамның суреті. Бағдаршамның үш түсі салынған суреттері. Ырғақты аудиожазбалар.<br>Қағаз беттері, акварель бояулары, қылқаламдар, тіреушелер, су қуылған ыдыстар, төсеніштер, сүлгілер. Балалардың санына сай шаршы, тіктөртбұрыш, дөңгелек жинағы. | Бейнежазбаны көрсету. «Жүргізуші» мультмильмінен үзінді. Логикалық жаттығуы. «Ұқсай ма, ұқсамай ма?» Көркем сөз. Д. Ахметова «Жүк машинасы». Үлгіні зерттеу. «Жүк машинасы». Сурет салу амалдарын көрсету. «Жүк машинасы». Сергіту сәті. «Созылайық, содан соң отырайық». Өздігінен сурет салу. «Жүк машинасы». Ойын рефлексиясы. «Бағдаршамның түстері». |

көрсету.

ı үзінді.
ығуы.
ығуы.
май ма?»
хметова
».
Жүк

дарын
шинасы».
ылайық,
ық».
лу.

ы.
үстері».

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | "Алманы тапқан қоян ". | Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша, не алманы, не сәбізді, не өзге жарамды қоректі салуды дағдыландыру; қоңыр күздегі құбылыстар жөнінде білімдерді тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түйсігін дамыту; қазақ ертегілері әлеміне деген қызығушылықты арттыру; ынталылыққа тәрбиелеу. | Геометриялық пішіндер тәріздес бөлшектерді біріктіру негізінде тұтас заттарды салу техникасы. Композицияны құрастыру тәсілі. | Сюжеттік сурет салу. | Балаларға «коректенеді», «тонын ауыстырады», «ең үлкен», «ең кішкентай» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Ғажайыптар әлемін білдіретін әуенжазбасы. Алманы кемірген дыбыстардың жазбасы. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Қазақ халқының «Алма» ертегісіндегі қоянның алманы тауып алғаны туралы эпизодтың суреті. Қоянның тіршілігі туралы мнемокарточкалар тізбектері.Түрлі-түсті қарындаштар немесе борлардың қорабы. Қағаздың бір жағында сұр қарындашпен салынған қоянның бейнесі жатыр, қағаздың екінші жағы бос. Дөңгелектер мен сопақшалар арқылы құрылған қоянның сызбалы суреттері. Ырғақты әуенжазбасы. Балалардың көрсеткен қалыптарының суреттері. Бірнеше ертегінің сюжеттерінен алынған кейіпкерлердің тізбегі. «Алма» ертегісінің кейіпкерлері. Балалардың санына сай келетін әртүрлі қоянның дене құрылысын құрайтын дөңгелектер мен сопақшалар. Түрлі-түсті қарындаштар немесе борлар. | Аудиожазбаны тыңдау. Ертегі мазмұны бойынша кіріспе әңгімелесу. «Алманы тапқан қоян». Мнемокарточкалар бойынша сөйлем құрастыру жаттығуы. Үлгіні зерттеу. «Қоянның қолында не бар?» Зерттеу жаттығуы. «Қоянның денесін құрастырайық». Сурет салу амалдарын көрсету. «Қоян және оның корегі». «Стоп-кадр» пантомима жаттығуы. «Қоянның қозғалу қалыптары». Өздігінен сурет салу. «Қоян мен оның корегі». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Алма» ертегісі. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | "Ғажайып әлемінің шамдары /дымқыл қағаз бетіне сурет салу/ ". | Балалардың дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасына үйрету; "палитра" ұғымын қалыптастыру; қағаздың бүкіл бетін пайдалану білігін жетілдіру; ғажайыптар әлемін елестетудегі ойларын айтуға, қағаз бетіне түсіруге талпындырту; ой-қиял, түйсіну қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. | Дымқыл қағаз бетіне дәстүрлі емес сурет салу техникасы. | Сюжеттік сурет салу. | Балаларға «друдл суреті», «палитра», «дымқыл қағаз» сөздері мен тіркестерін, өздеріне таныс түстердің атауларын айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Қиял-ғажайып әлемін білдіретін әуенжазбасы. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Друдл суреттерінен құралған жұлдызшалар тәрізді бейнелер. Ғажайып шамдар салынған көрнекілік суреті. Акварельді бояу, төсеніш, ыдыста су, қылқаламдар (№3, 5), сүлгі, тіреушелер, акварельге арналған қағаз беті. Палитрамен жұмыс жасау үлгілері. Ырғағы баяу, салмақты әуенжазбасы. Қызыл, сары, жасыл, көк, қызыл сары түстердің жылы және суық реңктеріне боялған карточкалар. Түстердің суық және жылы реңктерінің жұптары. Ырғақты, көңілді әуенжазбасы. Балалардың санына сай акварельді бояулар, төсеніштер, ыдыстарға құйылған су, қылқаламдар (№3, 5), сүлгілер, тіреушелер, акварельге арналған қағаз беттері. | Релаксация Друдлды шешу жаттығуы. «Суретте не жасырынған?» Түстерді зерттеу. «Түрлі-түсті шамдар». Тәжірибе-зерттеу жаттығуы. «Қағазды дымқылдау». Сурет салу амалдарын көрсету. «Ғажайып әлемінің шамдары». Саусақ жаттығуы. «Шамдар сәулелерін шашады». Өздігінен сурет салу. «Ғажайып шамдар». Қабылдауға жаттығу. «Суық және жылы түстер». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Аталған түстің өзінде барын көрсет». |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | "Аулаға қар жауды". | Балаларды бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы сюжетті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің, сұлбасын салып, қардың суреттегі түрлі жерлеріне қылқаламның ұшымен не жақпалау техникасын пысықтау; қар құбылысы жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту, әсемдікті түйсіну сезімін қалыптастыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | Геометриялық пішінді, ағашты салу тәсілдері. | Сюжеттік сурет салу. Пейзаж негіздері. | Балалардың сөйлеу тілін: қалың қар, ұлпа қар, аппақ көрпедей сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру. | Қалаға қыстың келгені, қардың жауғаны туралы бейнебаян, интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш, қардың аулаға жауып жатқаны туралы сурет үлгісінің бірнеше нұсқасы, түрлі түсті борлар, ақ гуашь бояуы, қылқалам, ыдысқа құйылған су, төсеніш, тіреуше, сүлгі, бейнелердің қағаз бетіне қолайсыз орналасқаны туралы сурет нұсқалары, темпі баяу, салмақты әуенжазбасы, табиғатта жоқ құбылыстардың бірнеше көрінісі. Балалардың санына сай түрлі-түсті борлар, ақ гуашь бояулары, қылқаламдар, ыдыстарға құйылған су, төсеніштер, тіреушелер, сүлгілер. Көгілдір фонға боялған қағаз беттері. Ақ қағаз беттері. | Бейнежазбаны көрсету. Көркем сөз. Ш. Әлдибекұлы «Қар». Бейнежазба мазмұны бойынша кіріспе әңгімелесу. Үлгілерді салыстыру, зерттеу. «Аулаға қар жауды». Сурет салу амалдарын көрсету. «Үй, аққала, ағаш». Пантомима жаттығуы. «Суретші болайық». Өздігінен сурет салу. «Аулаға қар жауды». Ойлау қабілетіне жаттығу. «Келісемін - келіспеймін». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстарынан көрмесі. Босаңсу рефлексиясы. «Қарды жасап шелекке лақтырайық». | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | "Әдемі көйлек киген Дана". | Балаларды мерекелі киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздері мен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру; Қазақстанның Тәуелсіздік күні туралы білімдерін тиянактау; көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау, зейін қабілеттерін дамыту; патриоттық сезімдерді қалыптастыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу. | Адамның дене бітімін салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балаларға «қоңыр қаз», «оюлар салынған», «етегі ұзын көйлек» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Түрлі-түсті карындаш қорабы, ақ қағаздың беті. Домбырада «Қоңырқаз» қазақ күйінің жазбасы. Қазақстан табиғатының бірнеше көрінісі. Дананың ұзын, көк көйлектегі көрнекілік суреті. Ұзын көйлек киген Дананың суретінің үлгілері (жеңі сопақшаға ұқсайды, жеңі үшбұрышқа ұқсайды). Ұзын көйлек киген Дананың бейнесін қарындашпен салу кезеңдері. Дананың көйлегіне салынған оюлар. Қазақ биінің ырғақты әуенжазбасы. Дананың түрлі қозғалыстарының қалыптары. Түрлі-түсті қарындаш қораптары, таза қағаздың беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Көркем сөз. Ж. Әбдірашев «Туған жер». Ғажайып сәт. Ұлттық киім киген Дана. Сурет бойынша кіріспе әңгімелесу. А. Дүзелхановтың «Көктем» атты суретімен таныстыру. Үлгіні зерттеу. «Әдемі көйлек киген Дана». Сурет салу амалдарын көрсету. «Ұзын етекті көйлек киген Дана». Сергіту сәті. «Туған елім». Өздігінен сурет салу. «Әдемі көйлек киген Дана». Сөздік жаттығу. «Дана не істеді?» Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | "Шырша". | Балаларды шырша пішінін салу техникасын игерту; бор арқылы шыршаның діні мен бұталарын салып, жасыл бояуға малынған сорғышпен жақпалап, қылқандарын жасап шығару дағдысын қалыптастыру; қыс мезгіліне байланысты мерекелер жөнінде ұғымдарды тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түстерді ажырату, ой-қиялын дамыту; экологиялық тәрбие негіздеріне баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Қылқан ағаштың суретін салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балаларға «қылқандар», «ауа тазалығы», «төменгі бұталар ұзын», «сорғышпен жақпалау» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Мерекенің келуін білдіретін әуенжазбасы. Қысқы орманда өскен шыршаның суреті туралы бейнежазба. Бор мен сорғыштың көмегімен салынған шыршаның суреті. Жасыл гуашь, басында сорғышы бар таяқша, тіреуше, сүлгі, таза қағаздың беті, түсі қоңыр бор. Шыршаның әртүрлі орналасқан қалыптары: шыршаның көлденең және тіке салынған үлгілері. Шыршаның суретін салу кезеңдері. «Шырша» әнінің әуенжазбасы. Ағаштардың көлеңкелері және табиғи бейнелері. Балалардың санына сәйкес жасыл гуашь, басында сорғышы бар таяқшалар, сүлгілер, тіреушелер, төсеніштер, түсі қоңыр борлар мен таза қағаздың беті. | Аудиожазбаны тыңдау Көркем сөз. Жұмбақ. «Шырша». Бейнежазбаны көрсету. «Қысқы орманда өскен шырша». Үлгіні зерттеу. «Шырша». Сурет салу амалдарын көрсету. «Шырша». Сергіту сәті. «Шырша» әні. Өздігінен сурет салу. «Шырша». Қабылдауға жаттығу. «Қандай ағаш жасырынды?» Рефлексия. «Шырша» әні. | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 16 | "Шыршаның түрлі ойыншықтары". | Балаларды ұйымдастырып, ұжымдық сурет салу амалдарына бейімдеу; шырша бұталарына фломастермен қылқандарын, түрлі пішінді, түрлі түсті ойыншықтарды салу техникасын дағдыландыру; балалардың ой-қиялын, түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту, достық қарым-қатынастарды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Қылқан ағаш бұтағының суретін салу техникасы. | Ұжымдық сурет салу. | Балалардың белсенді сөздік қорына «думан», «сынғыш» сөздерін ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Жаңа жыл мерекесінің келуін білдіретін әуенжазбасы. Шырша ойыншықтарының әртүрлі суреттері. Үлкен А4 форматындағы қағаз беті. Фломастерлер қорабы. Бір, екі және үш сандары жазылған карточкалар. Ырғақты, көңілді әуенжазбасы. Оюэлементтерінің үлгілері. Балалардың қолымен салынған ою элементтері. Шыршаның түрлі ойыншықтарын салу кезеңдері. Фломастер қораптары. Шыршаның әртүрлі ойыншықтары | Аудиожазбаны тыңдау. Жаңа жыл мерекесі. Көркем сөз. Ә. Табылдиев «Шырша». Ойыншықтарды зерттеу. «Ойыншықтардың үш түрі». Сурет элементтерін зерттеу. «Ойыншықтардағы ою түрлері». Қазақ халқының ою элементтерінің үлгілері: Сурет элементтерін пысықтау жаттығуы. «Ою түрлері». Сергіту сәтіндегі топтық жұмыс. «Шыршаны айналу ойындары». Суретті бірлесіп салу. «Шыршаның түрлі ойыншықтары». Сөздік жаттығу. «Не істейді?» Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Сыйлыққа мерекелік тақпақ». Жаңа жыл мерекесі туралы бейнежазба. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | "Қос қолғап". | Балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету; қыстағы киіну әдебін, ойын-сауық түрлерін жөніндегі түсініктерді пысықтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру; тазалыққа, табандылыққа тәрбиелеу. | Монотипия арқылы сурет салу техникасы. Қарапайым ою элементтерін салу тәсілі. | Симметриялық сурет салу негіздері. | Балалардың белсенді сөздік қорына «монотипия», «бастырма» сөздерін енгізу. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қысқы аулада қармен ойнап жүрген балалар туралы бейнежазба. Бір қолғабын жоғалтып алған Аланның суреті. Алан мен Ақтөстің суреті. Акварельді немесе гуашь бояулардың бір түрі, мақта таяқшалары, төсеніш, таяқшаларға ыдыс, сүлгі, екіге бүктелген қағаздан қиып алынған қос қолғаптың сұлбалары. Әртүрлі бояумен салынған қос қолғаптың үлгі суреті. Қолғапты безендіру кезеңдері. Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы. Акварельді немесе гуашь бояулар, мақта таяқшалар, төсеніштер, таяқшаларға ыдыстар, ыдыстарға құйылған су, сүлгілер, екіге бүктелген қағаздан қиылып алынған қос қолғаптың сұлбалары. | Бейнежазбаны көрсету. Қысқы аулада. Көркем сөз. «Қолғап». Тақпақ мазмұны бойынша кіріспе әңгімелесу. Үлгіні зерттеу. «Қос қолғап». Сурет салу амалдарын көрсету. «Қос қолғапқа оюды салу». Пантомима жаттығуы. «Айна». Өздігінен сурет салу. «Қос қолғап». Өзін-өзі бағдарлауға ойын-жаттығу. «Оң жақ - сол жақ». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстарынан көрмесі. Рефлексия. «Кім туралы айтамын?» | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | "Оюлар салынған карлы жолак". | Балаларды тіктөртбұрышты жолдарды қазақтың ою өрнектері элементтерімен безендіру тәсілімен таныстыру; "қарға ізі", "құс тұмсығы", "қаңқа" сияқты ою элементтерін белгілі ырғақтықта карындашпен сурет салу техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, ой-қиялын, елестету қабілеттерін дамыту; әсемдікті түсіне білу іскерлігін калыптастыру; тиянақтылыққа, мақсатшылдыққа тәрбиелеу. | Тіктөртбұрыштың безендіру тәсілі. Қазақты ою элеметтерін салу техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балалардың белсенді сөздік қорына «қар сықырлайды», «қаңқа», «бірін бірі алмастырады» сөздерін енгізу. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қыстың далаға (орманға) келгені туралы сурет. Біреудің қарды басып келе жатқанынын білдіретін дыбыстар. Қардың үстінде жатқан әртүрлі іздердің суреттері. Түрлі-түсті қарындаштар қорабы, ақ қағаз жолағы. Қазақ оюларының үлгілері: «құс тұмсығы», «қарға ізі», «қаңқа». Жолақтағы оюлардың жарамсыз салынғаны туралы екі үлгі: ою элементтерінің көлемдері әртүрлі; бірыңғай оюлардың араларында екінші оюлардың біркелкі ретпен орналаспауы. Оюларды жолақтарға салу кезеңдері. «Ақша қар» туралы әнінің аудиожазбасы. Қардың жауғаны туралы бейнебаян. Друдл таңбаларының бірі. Қораптардағы түрлі-түсті қарындаштар, ақ қағаз жолақтары. Қазақтың оюлары «қарға ізі», «қарға тұмсығы», «қаңқа». | Қысқы пейзаж суретін қарау. Көркем сөз. Т. Шопаев «Қар». Ә.Қастеевтің «Бүркіт ұстаған аңшы» суретімен таныстыру. Аудиожазбаны тыңдау. Үлгіні зерттеу. «Оюлар салынған қар алашасы». Топтық жұмыс. «Оюлы жолақты құрастырайық». Сурет салу амалдарын көрсету. «Оюлары алмасып, бір-бірінен соң жатқан оюлар». Музыкалық сәт жаттығуы. «Ақша қар». Өздігінен сурет салу. «Оюлар салынған қарлы жолақ». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Таңба негі ұқсайды?» |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | "Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр". | Балаларды апанда ұйықтап жатқан үлкен аю мен қонжықты салу композициясын бейнелеуге үйрету; аңдардың негізгі бөлшектерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндерінде пропорциялық үйлесімділікте салу техникасын жетілдіру; аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ақыл-ойын дамыту; байқағыштыққа, тірі табиғат өкілдеріне деген қызығушылығын арттыру. | Доға негізінде бөлшектерді біріктіру негізінде тұтас затты ()бейнені салу техникасы. Композицияны құру тәсілі. | Сюжеттік сурет салу. | Балалардың белсенді сөздік қорына «қарлы боран», «бұрылып жатыр» сөздерін енгізу. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қыста боранның соққаны туралы аудиожазба. Қысқы ормандағы карлы боран туралы бейнежазба. Апанда үлкен аю мен оның қонжығының ұйықтап жатқаны туралы көрнекілік суреті. Қоңыр бор, акварельді бояу, ыдыста су, тіреуше, қылқалам, төсеніш, таза қағаздың беті. Аюдың қорегіне жататын суреттер тізбегі: жидектер, өсімдіктердің тамырлары, қоңыздар, балық, бал. Аю мен қонжықтың бормен салынған сұлбасы, қоңыр акварельмен боялған суреттің үлгісі. Аюлардың қағаз бетінде түрлі орналасуы туралы сызбалы суреттер. Аю мен қонжықтың суретін салу кезеңдері. Қоңыр борлар, акварельді бояулар, ыдыстарда су, тіреушелер, қылқаламдар, төсеніштер; таза қағаз беттері. | Бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу. Қыста боранның соққаны туралы аудиожазбаны тыңдау. Суретті қарау. Көркем сөз. Қ. Мырзалиев «Аю». Үлгіні зерттеу. «Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр». Сурет салу амалдарын көрсету. «Бұрылып жатқан аюлар». Драмалық сәт. «Ырғақтарға сай қимылдаған аюлар». Өздігінен сурет салу. «Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр». Логикалық жаттығу. «Жел қайда соғып тұр?» Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Аюдың апаны». | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | "Сары шымшық". | Балалардың қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау; акварельді бояуды қылқаламға қою реңкі етіп, қағаз бетіне үлкен мөлшерде салуға талпындырту; көзбен мөлшерлеу, зейінін, құстарға қамқорлыққа деген сезімдерін дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | Денені (құсты) бөлшектеп салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балалардың белсенді сөздік қорына «сары шымшық», «қыстың суығына төзімді» сөздерін енгізу. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Жемшашарға қонып, ұшып жүрген қыстайтын құстар туралы бейнежазба. Қыстайтын құстардың қоректерін білдіретін суреттер сериясы: жеміс-жидектер, дәндер, бүршіктер. Шымшықтың көрнекілік суреті. Акварельмен салынған сары шымшықтың сурет үлгісі. Акварельді бояу, қылқалам, тіреуше, ыдыста су, төсеніш, сүлгі, таза қағаз беті. Сары шымшықты акварельмен салу кезеңдері. Вальс темпіндегі әуенжазбасы. Сары шымшық, суық торғай, торғай сияқты қыстайтын құстардың суреттері және сол құстардың дыбыстары. Акварельді бояулар, қылқаламдар, тіреушелер, ыдыстарға құйылған су, төсеніштер, сүлгілер. | Бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу. Суретті қарау. «Сары шымшық». Көркем сөз. «Сары шымшық». Үлгіні зерттеу. «Сары шымшық». Сурет салу амалдарын көрсету. «Сары шымшық». Сергіту сәті. «Сары шымшық». Өздігінен сурет салу. «Сар шымшық». Дамытушы ойын-жаттығуы. «Бейне иесінің өзіне сәйкес дыбысын тап». Балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. «Құстардың дыбыстары». |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | "Қоян мен кірпі". | Балаларды "Қоян мен кірпі" ертегісі желісі бойынша сурет салуға үйрету; ертегі кейіпкерлерін және орман ағаштарын қағаз бетіне композиция түрінде орналастыру қабілетін ұштау; жабайы аңдардың дене бітімін үйлесімді салу техникасын жетілдіру; дәстүрлі емес шанышқыны басу техникасымен таныстыру; жабайы аңдардың қоңыр күздегі тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; ақыл-ойын, қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу қабілеттерін дамыту; қазақ ертегілері әлеміне деген қызығушылықтарды арттыру; ынталылыққа тәрбиелеу. | Тұтас бейнені (жануарларды) бөлшек арқылы салу техникасы. Композицияны құру тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "шанышқы мен жақпалау", "құлақты кірпі", "тапқыр" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Орман кірпісі мен дала кірпісі туралы екі бөлек бейнежазба немесе суреттері. Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. "Қоян мен кірпі" ертегісіне сюжеттік суреттер тізбегі. Қоян мен кірпі суретінің үлгісі. Қоян мен кірпі суретін салу кезеңдері. Қоян мен кірпі сұлбастары. Жартылай құрғақ қылқалам түгімен қоянның сұлбасы үстіне жақпалау тәсілінің үлгісі. Пластик шанышқысымен кірпі сұлбасы үстіне бастыру үлгісі. Акварель немесе гуашь бояулары, қылқалам, шаңышқы, төсеніш, тіреуше, стакан, ыдыста су. Ертегілер кейіпкерлерінің суреттері. "Алма" ертегісінің кейіпкерлері: қоян, қарға, аю, кірпі. Таза қағаз беті. Қағаз беттері, акварель бояулары, қылқаламдар, шанышқылар (пластик), стақандар, тіреушелер, су қуылған ыдыстар, төсеніштер, сүлгілер. балалардың санына сай қоян мен кірпі сұлбастары. | Аудиожазбаны тыңдау. Кірпінің дыбысы. "Құлақты кірпі". Көркем сөз. С. Сәрсенов. "Кірпі". Суретпен танысу. "Қоян мен кірпі" ертегісі". Үлгіні зерттеу. "Қоян мен кірпі". Сурет салу амалдарын көрсету. "Қоян мен кірпі". Сурет салу техникасын ұстарту жаттығуы. "Қоянның терісі мен кірпінің инелері". Сергіту сәті. "Қоян мен кірпінің жүрістері". Өздігінен сурет салу. "Қоян мен кірпі". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Алма" ертегісін кейіпкерлендіру. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | "Ұшатын кілем". | Балаларды тіктөртбұрыш бойын түрлі карапайым оюлардың элементтерімен безендіруге үйрету; "ұшатын кілемнің" шеттеріне, бұрыштарына түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызыктарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жакпаларды, нүктелерді ырғакты орналастыра отырып, карапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту; Аладдиннің хикаялары жөнінде түсініктерін тиянақтау; шынайы өмір мен ертегідегі киял әлемін салыстырыруға машықтау, елестету, түйсіну қабілеттерін дамыту; жамандық пен жақсылықты ажырату біліктерін дамыту. | Тіктөртбұрышты ою элементтерімен безендіру техникасы.<br>Қайталама элементтерді салуда бірыңғайлылыкты сактау техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балаларға "зүбәржелі жасыл", "зәйтүн жасыл"," сарғылт", "кызғылт", "теңіз толқыны", "көгілдір ақык" сөздерін айткызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Қиял-ғажап әлемін білдіретін әуен жазбасы.<br>Интербелсенді такта, көрнекілік үшін такта, көрсеткіш.<br>Түстер карточкалары: спектр түстері және Таяу Шығыс елдерінде жиі кездесетін түстер - зүбәржелі жасыл, зәйтүн жасыл, сарғылт, қызғылт, теңіз толқыны, көгілдір ақык.<br>Таяу Шығыстың базарында кездесетін түрлі кілемдер, заттар, бұйымдар үлгілерінің суреттері.<br>Друдл сызбаларыңның үлгілері.<br>Ертегіден ұшатын кілемнің суреті.<br>Ұшатын кілемнің сурет үлгісі.<br>Кілемді тең бөліктерге бөлі сызбасы.<br>Кілемді безендіру кезеңдері.<br>Қазақтың ою сызбалары: қаңқа, карға ізі, тұмарша, ирек.<br>Ертегі сюжетінде кілемде отырған кейіпкерлердің суреті.<br>Шығыс ертегілерінен сюжеттік суреттер.<br>Кілемді току туралы сурет.<br>Түрлі түсті карындаштар немесе фломастерлер.<br>Жіңішке келген тіктөртбұрышты қағаз беті.<br>Тіктөртбұрышты жіңішке келген қағаз беттері, түрлі түсті қарындаштар немесе фломастерлер. | Қиялдар сәті.<br>Зерттеу және іріктеу жаттығуы. "Шығыстың түстері".<br>Суреттер галереясы. "Шығыс базарының түстері".<br>Үлгіні зерттеу. "Кілем".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Ұшатын кілем".<br>Сергіту сәті. "Ұшатын кілем". "Аладдин" мульфильмінен үзінді.<br>Өздігінен сурет салу. "Ұшатын кілем".<br>Сөздік жаттығуы. "Кейіпкерді ата".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, корытындылау.<br>Жұмыстар көрмесі.<br>Рефлексия. "Айналадағы үйлесімдіктер". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | "Қысқы ымыртта қарға жамылған алқап". | Балаларды қағаз бетіне қысқы пейзаж суретін салуға үйрету; ақ гуашь бояуымен қарлы омбыларды, шатырларың бейнелерін қылқаламмен салып, кепкен ағаш жапырағын аққа бояп, қағаз бетіне бастырып, тұтас қыс мезгіліндегі ымырт құбылысын бейнелеуге үйрету; қылқаламның таяқшасына үстінен қарындашпен қағып, бояуды қағаз бетіне шашырату техникасын игерту; бейнелерді елестету, әсемдікті түйсіну сезімін дамыту; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | Пейзаж элементтерінің эскиздерін жасау техникасы.<br>Көк түстің аралас бояуларын жасау техникасы.<br>Композицияны құру тәсілі. | Сюжетті сурет салу.<br>Пейзажды салу. | Балаларға "омбылар", "ымырт" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш.<br>Қысқы күнінде жауған қар туралы бейнежазба.<br>Қыс ымыртта жауға қар туралы бейнежазба.<br>Қысқы ымырт суретінің үлгісі.<br>Қысқы ымырт суреті салу кезеңдері.<br>Бояуды шашырату және жапырақты бастырудың фото суреттері.<br>Қардың жерге түскенін білдіретін бейнежазба.<br>Түрлі ырғақтағы әуен жазбалары.<br>Акварель, гуашь бояулары, төсеніш, тіреуше, қылқалам, сорғыш, ағаштың кепкен жапырағы, сүлгі, ақ қағаз беті.<br>Балалар санына сай түрлі түсті борлар, ақ гуашь бояулары, қылқаламдар, ыдыстарға құйылған су, төсеніштер, тіреушелер, сүлгілер, таза ақ қағаз беттері.<br>Ақ қағаз беттері. | Бейнежазбаны көрсету.<br>Көркем сөз. Ш. Әлдибекұлы "Қар".<br>Бейнежазба бойынша әңгімелесу.<br>Үлгіні зерттеу. "Қысқы ымыртта қарға жамылған алқап".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Қысқы ымыртта қарға жамылған алқап".<br>Сурет салу техникасын ұстарту. "Пішінді бастыру, бояуды сілкіп шашырату".<br>Пантомима жаттығуы. "Қар жерге қалай түстеді?".<br>Өздігінен сурет салу. "Қысқы ымыртта қарға жамылған алқап".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.<br>Жұмыстар көрмесі.<br>Босаңсу рефлексиясы. "Қарды орап, лақтырайық". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | "Алан мен Дана би билеп жүр". | Балаларды тірек қаңқа негізінде адамның кимылдағы денесін салу техникасына үйрету; кағаз бетіне билеп тұрған Алан мен Дананың бейнелерін үйлесімді орналастыра білуді жетілдіру; адамның дене бітімін казақтың киім үлгілерімен толықтыруға машықтау; Қазақстанның Тәуелсіздік күні туралы білімдерін тиянақтау; патриоттық сезімдерді қалыптастыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу. | Қимыл үстіндегі адамның дене бітімін салу техникасы. Негізгі қаңқа эскизін құру, дене пропорциясын сактау техникасы. Композицияны құру тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "қара жорға", "иіледі" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш. Қазақтың ұлттық киімін киген Алан мен Дананың суреті. Қазақтың ұлттық киімінде билеген Алан мен Дананың суреті. Суретші Гүлфайруз Исмаилованың "Қазақ вальсі" атты суретінің көрінісі. Адамның түрлі қалыптардағы сызбалы суреттері. Алан мен Дананың суретін салу кезеңдері. Адамның аякталмаған дене "қаңқасының" суреттері. Адамның "қаңқасының" толық сызбалы нұсқалары. Билеп тұрған адамдардың шартты бейнелері. "Айгөлек" биін билеген балалар туралы бейнежазба. Таза қағаз беті, түрлі түсті қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштар қораптары, таза қағаз беттері. | Ғажайып сәт. Дана мен Алан. Көркем сөз. Ж. Әбдірашев. "Туған жер". Картина үлгісімен танысу. Г. Исмаилованың Шара Жиенкұлованың "Қазақ вальсі" атты портретімен таныстыру. Суретті көрсету. Қазақтың биін билеудегі қалыптар. Үлгілерді зерттеу және салыстыру. "Адамның дене қалыптары". Сурет салу амалдарын көрсету. "Алан мен Дана би билеп жүр". Сурет салу техникасын ұстарту. "Дене құрылысын толықтырып көр". Сергіту сәті. "Сызбаны біз қалай танимыз?" Өздігінен сурет салу. "Алан мен Дана билеп жүр". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Бишілердің биін тамашалайық". "Айгөлек" биін билеу. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | "Қылқаны қалың шырша". | Балаларға мерекелі шырша бейнесін, қылқаламды, борды және саусақты белгілі қолданып, салу техникасын игерту; шырша бұталарының жеке қабаттарын салуда үшбұрышпішінінің нобайын сақтауға үйрету; сурет салуда шырша қылқандарының структурасын көрсетуге машықтау; қыс мезгіліне байланысты мерекелер жөнінде ұғымдарды тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, зейінін дамыту; экологиялық тәрбие негіздеріне баулу. | Қылқан ағашты салу техникасы (қылқандарды көрсету). | Заттық сурет салу. | Балаларға "қылқандар", "ауа тазалығы", "төменгі бұталар ұзын", "сорғышпен жақпалау" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. | Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш.<br>Әдемі мерекенің келуін білдіретін әуен жазбасы.<br>Әртүрлі материалдардан жасалған шыршалардың суреттері.<br>Шырша суретінің үлгісі.<br>Қазақтың ұлттық көйлегінің суреті.<br>Шыршаны қарындашпен сызып, саусақ арқылы жақпалап, суретін салу кезеңдері.<br>шыршаны безендірудегі түрлді көріністердің суреттері.<br>Жасыл қарындаш, жасыл гуашь бояуы, таза ақ қағаз беті.<br>Балалардың санына сай жасыл гуашьтер, басында сорғышы бар таяқшалар, сүлгілер, тіреушелер, төсеніштер, түсі қоңыр борлар таза қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. жаңа жыл мерекесі қарсаңында.<br>Кіріспе әңгімелесу.<br>Көркем сөз. Ә. Табылдиев. "Шырша".<br>Объектіні бақылау. "Шырша".<br>Үлгіні зерттеу. "Қалың қылқан шыршасы".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Қалың қылқан шыршасы".<br>Өздігінен сурет салу. "Қалың қылқан шыршасы".<br>Сөздік-логикалық жаттығу. "Ары қарай не болады?".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.<br>Жұмыстар көрмесі.<br>Рефлексия. "Шырша әні". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 16 | "Аяздың қырау оюлары". | Балаларға қылқалам түгінің ұшымен шаршы немесе тіктөртбұрыш пішініне жіңішке немесе жуан келген, иректелген, бұрмаланған, нүктеленген ою элементтерін салу техникасын игерту; монотипия техникасын ұштау; Аяз-Атаның бейнесін өз қиялында ерекше көріп, бір-біріне ұқсамайтын оюларды қағаз бетінде жаңғырту іскерлігін ұштау; түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту; сезімталдыққа тәрбиелеу. | Монотипия сурет салу техникасы. Қылқалам түгі ұшымен ою элементтерін салу техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балаларға "монотипия", "иректелген", "бұрмаланған", "нүктеленген" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекілік үшін тақта, көрсеткіш.<br>Жаңа жыл мерекесінің келуін білдіретін әуен жазбасы.<br>Аяз атаның және қыдыр атаның суреттері.<br>Терезе әйнектеріне түскен оюланған қар қылауларының суреттері.<br>Аяздың қырау оюларының монотипия арқылы салынған сурет үлгісі.<br>Аяз қырауларын салу кезеңдері.<br>Аяз қыраулары оюларының элементтерінің сызбалы суреттері.<br>Гуашь бояулары, қылқалам, тіреуше, төсеніш, сүлгі, шаршы пішінді қағаз беті.<br>Балалардың колоннада бұрама және ирек бағытымен жүргенін білдіретін сызбалы сурет.<br>Табақшаларда түрлі ойыншықтардың сурет-карточкалары.<br>Гуашь бояулары, қылқаламдар, тіреушелері, төсеніштер, сүлгілер, ыдыстарда су, шаршы пішінді қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Жаңа жыл мерекесі.<br>Көркем сөз сәті. "Жаңа жыл туралы тақпақтар".<br>Жаңа жыл туралы тақпақтарды оқу.<br>Табиғат құбылысын бақылау. "Терезедегі оюлар".<br>Көркем сөз. "Қырау оюлары".<br>Үлгіні зерттеу. "Қырау оюлары".<br>Сурет салу техникасын ұстарту жаттығуы. "Бұралған ою бұталары".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Аяздың қырау оюлары".<br>Сергіту сәті. "Бір сызықтай жүріп, бұралған бұтаны жасайық".<br>Өздігінен сурет салу. "Аяздың қырау оюлары".<br>тарды да салуды ұмытпа".<br>Логикалық жаттығу.<br>"Гирляндаң белгілі тізбекте жалғастыр".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.<br>Жұмыстар көрмесі.<br>Рефлексия. "Сыйлыққа мерекелі тақпақ". | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | "Қысқы ойындарды ойнаған балалар". | Балаларды қысқы ойындарды ойнап жүрген балалар мен тағы басқа бейнелерге толған қысқы аула сюжетін салуға үйрету; шанада отырған баланың, күшіктің, аққала бейнелерін салуда дене үйлесімділіктерін сақтауға баулу; қарындашпен сурет салуда түрлі түстер мен реңктерін пайдалануға машықтау; қысқы ойын-сауық түрлері жөніндегі түсініктерді пысықтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін, ой-қиялын дамыту; табандылыққа тәрбиелеу. | Адамның дене бітімін қаңқа негізінде салу техникасы.<br>Эскиз, композиция құру тәсілдері. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "жарық", "қараңғылық" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Түрлі ырғақтағы әуен жазбалары.<br>Балалардың қысқы ойындары туралы бейнежазба.<br>Балалардың аулада қысқы ойындарды ойнағанының сурет үлгісі.<br>Қысқы ойындарды ойнап жүрген балалар суретін салу кезеңдері.<br>Қысқы ойындарға қажет заттардың суреттері: шаңғылар, коньки, шана, қар дөңгелегі, шайба мен клюшка.<br>Адамның түрлі қимылдардағы сызбалы суреттері.<br>Түрлі түсті қарындаштар, таза ақ қағаз беті.<br>Түрлі түсті қарындаштар, таза ақ қағаз беттері. | Музыкалық-ритмикалық сәті. "Тәулік бөліктері".<br>Кіріспе әңгімелесу.<br>Бейнежазбаны көрсету. "Қысқы ойындар".<br>Үлгіні зерттеу. "Қысқы ойындар ауласы".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Қысқы ойындарды ойнаған балалар".<br>Сурет салу техникасын ұстарту жаттығуы. "Түрлі қимылдар жасаған адамдар".<br>Сергіту сәті. "Қысқы ойындар".<br>Өздігінен сурет салу. "Қысқы ойындарды ойнаған балалар".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.<br>Жұмыстар көрмесі.<br>Рефлексия. "Кім туралы айтамын?" | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | "Қасқыр мен түлкі". | Балаларды аңдардың денелерін салу техникасын, қағаз бетіне екі бейне арқылы композицияны құру техникаларын жетілдіру; "Түлкі мен қасқыр" ертегісі желісін пысықтау; ертегіде жабайы аңдардың бойындағы адамға тән қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; кейіпкерлерді салуда отырған және жүрген қимылдар ерекшеліктерін көрсетуге үйрету; қу немесе ақымақ болу мысалдарына қарап, жаман мен жақсы қасиеттерін ажырата білу қабілеттерін дамыту. | Тұтас бейнені (жануарларды) бөлшек арқылы салу техникасы. Композицияны құру тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "айлакер", "сенгіш", "ақымақ", "қу" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қысқы пейзаж суреті немесе бейнежазбасы. Суретші Е.М. Рачевтің "Қасқыр мен түлкі ертегісі" желісіне салынған иллюстрацияларының көріністері. Қасқыр мен түлкі суретінің үлгісі, суреті салу кезеңдері. Қасқыр мен түлкінің бейнелерін құрастыруға қажетті геометриялық пішіндердің жинағы. Қасқыр мен түлкінің геометриялық пішіндерден құрылған бейнелерінің сызбалы суреттері. Ырғақты, темп орташа әуен жазбасы. Қардың көктемде еріп, суға айналғаны туралы бейнежазба. Друдл таңбаларының бірнеше нұсқалары. Түрлі түсті қарындаштар, акварель бояуы, төсеніш, тіреуше, қылқалам, сүлгі, таза ақ қағаз беті. Қасқыр мен түлкінің бейнелерін құрастыруға қажетті геометриялық пішіндердің жинақтары. Түрлі түсті қарындаштар, акварель бояулары, төсеніштер, тіреушелер, қылқаламдар, сүлгілер, таза ақ қағаз беттері. | Қысқы пейзажді суретін қарау. Көркем сөз. Т. Шопаев. "Қар". Кіріспе әңгімелесу. Картина үлгісімен танысу. Е.М. Рачев суретшінің "Қасқыр мен түлкі ертегісі" суреті. Үлгіні зерттеу. "Қасқыр мен түлкі". Сурет салу амалдарын көрсету. "Қасқыр мен түлкі". Сурет салу техникасын ұстарту "Пішіндер нені жасырады?". Саусақ жаттығуы. "Суық қармен ойнама". Өздігінен сурет салу. "Қасқыр мен түлкі". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Таңба неге ұқсайды?". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | "Жылы жақ жерінің жабайы жануарлары". | Балаларды жылы жақ жерінің жабайы жануарларының бірін (піл, керік, арыстан) бірін өз еркімен таңдап, толық қағаз бетіне салуға үйрету; салынып жатқан кез келген бейненің (дене пішіні мен бітімі, терінің түстері сияқты) ерекшеліктерін суретте көрсете білу іскерлігін арттыру; салынып жатқан бейнені қағаз бетіне не тіке не көлденең орналастыра білу қабілетін жетілдіру; жылы жақ жерінің жануарлары туралы мағлұматтарды тиянақтау; тірі табиғат өкілдеріне деген қызығушылығын арттыру. | Тұтас бейнені (жануарларды) бөлшек арқылы салу техникасы. Эскиз арқылы дене пропорцияларын сақтау тәсілі. | Заттық сурет салу. | Балаларға "зообақ", "табиғи қорықтар" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Африкада мекендейтін түрлі жануарлар шығаратын дыбыстар жазбасы. Ырғақты әуен жазбалары. Қыс мезгілінің Қазақстандағы және Африка саваннасындағы екі түрлі көріністері. Көрнекілік заттық суреттер сериясы: керік, арыстан, зебра, піл, антилопа. Пілдің, керіктің сурет үлгілері. Піл мен керіктің бір беттегі суреті. Піл мен керіктің суреттерін салу кезеңдері. Бұғының суреті. Ағаш бұталарының суреті. "Бұғы" сергіту сәті. Қазақстан және шетел мекендерінің жануарларын топтастыруына арналған зияткерлік картасы. Түрлі түсті борлар, екі ақ қағаз беттері. Қазақстан және шетелде мекендейтін жануарлардың жеке суреттері. | Сурет бойынша кіріспе әңгімелесу. Суретті қарау. Көркем сөз. Қ. Мырзалиев."Піл". Үлгілерді зерттеу және салыстыру. "Керік. Піл". Сурет салу амалдарын көрсету. "Керік. Піл". Сергіту сәті. "Бұғылар". Өздігінен сурет салу. "Керік. Піл". Зияткерлік картасы бойынша жаттығу. "Қазақстанның және өзге елдердің жабайы аңдары". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Аңдарды қорғау қорығы". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | "Үкі ". | Балаларды үкінің денесін салу техникасымен таныстыру; бояуға малынып қойған қылқаламды белгілі бағытта жақпалап отырып, үкінің қауырсындарын көрсетуге үйрету; қоңыр, сары, ақ бояуларды палитрада арыластырып, қажетті реңктерді алып бояу дағдысын қалыптастыру, бояуды қағаз бетіне салу алдында, оның консистенциясы сезіну қабілетін, зейінін дамыту; құстарға деген қамқорлыққа; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | Тұтас бейнені (құсты) бөлшек арқылы салу техникасы.<br>Қылқаламмен бояуды жақпалау техникасы.<br>Аралас түстерді палитрада жасап салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балаларға "жыртқыш", "шағала", "мемлекеттік қорық сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Жемшашарға қонып, ұшып жүрген қыстайтын құстар туралы бейнежазба.<br>Жыртқыш құстардың суреттері: үкі, бүркіт, шағала.<br>Қазақ суретшісі Ә.Қастеевтің "Бүркіт ұстаған аңшы" суретінің көрінісі.<br>Үкінің бейнежазбасы.<br>Үкі құсы суретінің үлгісі.<br>Машина фараларының суреті.<br>Жыртқыш құстары тырнақтарының суреттері.<br>Үкі құсының суретін салу кезеңдері.<br>Ырғақты әуен жазбасы.<br>Бүркіт, үкі және шағаланың шығаратын дыбыстар жазбалары.<br>Бүркітші туралы бейнежазба.<br>Акварельді бояулар, қылқалам, палитра, ыдыстағы су, төсеніш, тіреуше, қағаз беті.<br>Акварельді бояулар, қылқаламдар, тіреушелер, ыдыстарда су, төсеніштер, сүлгілер, қағаз беттері. | Бейнежазбаны көрсету, әңгімелесу.<br>Сурет үлгісімен танысу.<br>Ә.Қастеевтің "Бүркіт ұстаған аңшы" суретімен таныстыру.<br>Көркем сөз. С.Оспанов. "Бүркітші".<br>Объектіні бақылау. "Үкі".<br>Үлгіні зерттеу. "Үкі".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Үкі".<br>Логоритмика. "Үкі ұқсап уһлеп көрейік".<br>Өздігінен сурет салу. "Үкі".<br>Дамытушы ойын-жаттығуы "Бейне иесінің сәйкес дыбысын тап".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.<br>Жұмыс көрмесі.<br>Рефлексия. "Бүркітші мен бүркіт". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 21 | "Теңіз асты тұрғындары". | Балаларды топтастар ұжымымен бірігіп, теңіз асты әлемі сюжеті салуға үйрету; алақан, қылқалам, сорғыш, мақта таяқшасы сурет салу құралдарын орнымен пайдалану іскерлігін жетілдіру; теңіз асты жануарлары мен балықтар тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; өзге балалармен сурет жоспарын келісімділікте жасап, ортақ сурет алаңында өз орнын ала білу қабілетін дамыту; дүниетанымын дамыту; зияткерлікке, достыққа тәрбиелеу. | Дәстүрлі емес әртүрлі құралдар (алақан, қылқалам, сорғыш, мақта таяқшасы) арқылы сурет салу техникалары. Композицияны құру тәсілі. | Ұжымдық сурет салу. | Балаларға "желбезек", "теңіз қабығы", "тас қабық" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Темпі баяу, баяу тыныстарды білдіретін әуен жазбасы. "Теңіз асты тұрғындары" бейнежазбасы. Теңіз асты тұрғындарының суреттері: теңіз тасбақасы, сегізаяқ, балық. Теңіз астындағы түрлі объектілерді көлеңкелері мен түрлі түсті суреттері. Түрлі бастырылған алақандардың, толықтырылып алынған балық, сегіз аяқ, тас бақа тәрізді кескіндері. Түрлі бастырылған алақандардың, толықтырылып алынған теңіз түбінде кездесетін объектілердің кескіндері. Түрлі түсті борлар немесе қарындаштар, фломастерлер, таза қағаз беті. Табақшаларда саусақтары түрлі қалыптарда жатқан алақандардың кескіндері. Түрлі түсті борлар немесе қарындаштар, фломастерлер, таза қағаз беттері. | Босаңсыту сәті. Аудиожазбаны тыңдау. Жұмбақтарды жасыру. Бейнежазбаны көрсету. "Теңіз асты тұрғындары". Зейінге ойын. "Көзге түсер ерекшілік". Сурет салу техникасын ұстарту. "Кескінді бастырып, толықтыр". Аз қимылды жаттығу. "Теңіз асты тіршілігі". Өздігінен сурет салу. "Теңіз асты тұрғындары". Елестетуге және қабылдауға жаттығу. "Көлеңкелерде саны қанша және нелер жасырынған?" Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Аквариум балықтары". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 22 | "Капитанның кемедегі саяхаты". | Балаларды көп қабатты кеменің суретін салуға үйрету; кеменің пішінінде корпусы, палуба, каюталар қатары сияқты құрылым бөлшектерін үйлесімді орналастыру іскерлігін дамыту; кеменің теңіз толқындарымен жүруді, шағалалардың ұшқанын көрсетуге машықтау; кеме көлігі мен кеме капитаны мамандық туралы ұғымдарды тиянақтау; дүниетанымын, ой-қиялын дамыту; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | Затты (көлікті) бөлекшеп салу техникасы. Пропорцияны сақтау тәсілі. | Заттық сурет салу. | Балаларға "капитан", "каюта", "лайнер", "танкер", "палуба" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Теңіз толқындар, шағала дыбыстарының жазбалары. Түрлі су көліктері туралы бейнежазба. Суретші И. К. Айвазовскийдің теңіз туралы суреттерінің көріністері. Жүк тасымалдаушы танкер және адам тасымалдаушы лайнер көліктерінің суреттері. көптеген адамдарды лайнерлерде тасымалдайды. Кеме суретінің үлгісі. Кеме мен көп қабатты үйдің суреттері. Кеме суретін салу кезеңдері. Жұпты суреттер: кеме - капитан, автокөлік - жүргізуші, ұшақ - пилот, ғарыш кемесі - ғарышкер, пойыз - машинист. Түрлі түсті қарындаштар, таза қағаз беті. Акварельді бояулар қораптары, тіреушелер, төсеніштер, қылқаламдар, қызыл қарындаштар, ыдыстарда су. Түрлі түсті қарындаштар, таза қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Теңіз толқындарының шуы және шағалардың дыбыстары. Көркем сөз. Н.Қалқа. "Шағала". Әңгімелесу. Үлгіні зерттеу. "Кеме". Сурет салу амалдарын көрсету. "Кеме". Сергіту сәті. "Толқындар қандай болады?". Өздігінен сурет салу. "Кеме". Логикалық жаттығу. "Қандай мамандық иесіне қажет?". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. Шағалалар мен теңіз. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23 | "Шай сервизіндегі ғажайып оюлар". | Балаларды түрлі ыдыстың бір пішінінің ортасына гүлдер мен шөп элементтерін салуға үйрету; фарфор материалы туралы мағлұмат беру; орыс халқының гжель оюларымен таныстыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ой-қиялын, эстетикалык талғамды дамыту; әдептілікке тәрбиелеу. | Затты (ыдыстар түрлерін) салу тәсілі.<br>Гжель ою элементтерін салу техникасы.<br>Көк түстің аралас бояуларын жасау техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балаларға "гжель", "фарфор" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>"Тұрмыстық техника" мульфильмі.<br>Гжель оюы элементтері: раушан, бүршік, шөп.<br>Гжель оюлары бастырылған шай сервизінің суреті.<br>Гжель оюын салу кезеңдері.<br>Көгілдір түсті араластырып алу тәсілінің суреті.<br>Роботтардың қимылдары туралы бейнежазба.<br>Техника тақырыбына ырғақты әуен жазбасы.<br>Гуашь бояулары, төсеніштер, тіреушелері, ыдыстардағы су, кылқаламдар, палитралар, сүлгілер.<br>Гжель оюларын бастырылған шай сервизінің түрлі ыдыс түрлерінің заттық суреттері. | Бейнежазбаны көрсету. "Тұрмыстық техника".bilimkids.kz<br>Бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу.<br>Ою үлгілерімен таныстыру. "Гжель гүлдері".<br>Сөздік жаттығу. "Қандай ыдыстың бетінде қандай ою бар?".<br>Үлгіні зерттеу. "Шай сервизі".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Шай сервизі".<br>Сурет салу техникасын ұстарту. "Жаңа бояуды жасап шығарайық".<br>Ритмикалық сәті. "Роботтар қозғалысы".<br>Өздігінен сурет салу. "Шай сервизіндегі ғажайып оюлар".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.<br>Жұмыстар көрмесі.<br>Рефлексия. "Біздің үйде жиі қолданатын тұрмыстық техника". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | "Түңгі қала". | Балалардың түңгі қала сюжетін салуға үйрету; тіке және көлденең жуан жолақтарды сызып, көлемі түрлі тіктөртбұрышты үйлердің пішінін бояу техникасына үйрету; бояуды щеткадан бояуды бүркі техникасымен таныстыру; ұйқының пайдасы туралы мағлұмат беру; салауатты өмір салтын насихаттау; жағымды эмоцияларды дамыту; достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу. | Пейзаж элементтерінің эскиздерін жасау техникасы. Көк түстің аралас бояуларын жасау техникасы. Геометриялық пішіндер тәріздес заттарды салу тәсілі. Композицияны құру тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "бояуды бүрку", "салаутты өмір" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Ырғақты әуен жазбасы. "Денсаулыққа пайдалы не?" зияткерлік картасы және оның іші бос ызбалы суреті. Сюжеттік жұпты суреттер: бала күндіз ойнап, түндей ұйықтайды; бала күндіз және түнде ұйықтамай ойнайды. Түнгі қаланың суреті. Қаланың күндізгі және түнгі көріністері. Түнгі қаланың суретін салу кезеңдері. Қараңғы реңктегі аралас түстердің суреттері. Түнгі қала бейнежазбасы. Акварельді бояулар, қылқалам, төсеніш, тіреуше, ыдыстағы су, сүлгі, палитра, таза қағаз беті. Денсаулыққа пайдалы және пайдасы жоқ көріністері бейнеленген сурет-карточкалары. Акварельді бояулар, қылқаламдар, төсеніштер, тіреушелер, ыдыстардағы су, сүлгілер, палитралар, таза қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Көркем сөз. Д. Қанатбаев. "Шынықтыр сен денені" (үзінді). Зияткерлік карта бойынша логикалық жаттығу. "Денсаулыққа пайдалы не?". Тәрбие жағдайларын салыстыру жаттығуы. Мақалдарды жаттау. "Еріншек түске дейін ұйықтайды, Кешке дейін есінейді". Үлгіні зерттеу. "Түнгі қала". Сурет салу амалдарын көрсету. "Түнгі қала". Сурет салу техникасын ұстарту. "Бояуларды араластырайық. Қараңғы бояулар". Сергіту сәті. "Қатарға тұрып билейік". Өздігінен сурет салу. "Түнгі қала". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Үлкен қаланың шамдары". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 | "Анамның портреті". | Балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту; әрбір адамның ананың, беттерінде ерекшіліктерді (мөлшерін, түсін) байқауға үйрету; шаш үлгісінің адамның келбетіне ерекшілікті беретіні туралы түсіндіру; портретті қағаздың толық бетіне салуға баулу; эмоциялар мен түйсіктер әлемін дамыту; байқағыштыққа, анаға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. | Адам портретін салу техникасы. Симметриялы бейнені салу техникасы. | Заттық сурет салу. Портрет салу. | Балаларға "портрет", "симметрия", "ажарлы", "сымбатты" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Көңілді және ырғақты әуен жазбасы. Көктемнің келгені туралы бейнежазба. Қазақ суретшісі Сабыр Мәмбеевтің портреттерінің көріністері. Ананың карындаштармен салынған портрет үлгісі. Аналардың түрлі портреттері. Ана портретін салу кезеңдері. "Ана туралы ән" мультфильмі. Жыл құстарының суреттері: қаз, тырна, аққа, көкек, бұлбұл. Жыл құстарының дыбыс жазбалары: қаз, тырна, аққа, көкек, бұлбұл. Құстардың "жыры" бейнежазбасы. Түрлі түсті қарындаштар, таза ақ қағаз беті. Түрлі түсті қарындаштар, таза ақ қағаз беттері. | Бейнежазбаны көрсету. Тіл ұстарту жаттығуы. "Көктем". Көркем сөз. "Айналайын анашым". Картина үлгісімен танысу. "Портреттер". С.Ә. Мәмбеев суретшінің портретте салынған сурет үлгілерімен таныстыру. Үлгіні зерттеу. "Анамның портреті". Сурет салу амалдарын көрсету. "Анамның портреті". сызықтар етіп саламыз. Музыкалық-ритмикалық сәті. "Айналайын, мама!" Өздігінен сурет салу. "Анамның портреті". Сөздік жаттығу. "Құстардың дыбыстары". Рефлексия. "Құстардың жырын тыңдайық". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 26 | "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" | Балаларды тірек ілмек сызығы және доғалы сызық негізінде қарлығаштың бейнесін сау техникасына игерту; кең далада аспанда биік ұшқан карлығаштың бейнесін үйлесімді орналастырып, көктемгі дала пейзажын салуға үйрету; зейінін, көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау кабілетін дамыту; көктемгі мезгілге тән құбылыстарға байқағыштығын тәрбиелеу. | Тірек ілмек сызығы, доғалы сызық негізінде бейнені (құсты) салу техникасы. | Заттық сурет салу. | Балаларға "ілмек негізінде сурет салу", "реактивті ұшақ" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді такта, көрнекіліктерге такта, көрсеткіш. Жылғалардан аққан судың, құстардың дыбыстарының жазбасы. Қазақ суретшісі Амен Қайдаровтің ""Қарлығаштың құйрығы неге айыр?"" мультфилімінен иллюстрациялардың көріністері. Қарлығаштың ілмек техникасы арқылы салынған сурет үлгісі. Қарлығаштың түрлі бағыттарға ұшқаны туралы суреттер. Қарлығаштардың сымда отырғаны суреті. Реактивті ұшақтың суреті. Жалаудың түрлі жақтарға және түрлі күшпен желбірегені туралы суреттер сериясы. Сурет салу құралдары, таза қағаз беті. Сурет салу құралдары, таза қағаз беттері. | Сурет көрсету. Көркем сөз. "Қар жатыр қырларда ...". Аудиожазбаны тыңдау. Қарлығаштың дыбысы. Сурет үлгісімен танысу. "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" Амен Қайдаровтың "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" мультфилімінен үзінді көрсету. Үлгіні зерттеу. "Қарлығаш". Сурет салу амалдарын көрсету. "Қарлығаш". Ритмикалық жаттығу. "Ұшады құстар біздің бақта". Өздігінен сурет салу. "Қарлығаш". Логикалық жаттығу. "Жел қайда соғып тұр?". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" мультфильмін көру. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 27 | "Алпамыс батыр". | Балаларды қазак ертегілердің белгілі кейіпкері Алпамыс батырдың денесін салуға үйрету; адамның дене пішінін бөлшектеп салу техникасын игерту; балаларды қағаз бетіне қосымша бейнелерді толықтырып салуға бейімдеу; Наурыз мейрамы жөнінде түсініктерді кеңейту; көзбен мөлшерлеу кабілетін, ой-киялын дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу, қазақтың ертегілеріне деген сүйіспеншілікті арттыру. | Адам денесі бітімін бөлшектеп салу техникасы. | Заттык сурет салу. | Балаларға "Сарыарқа", "Қобыланды батыр", "басқыншылар" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Құрманғазы күйінің әуен жазбасы. "Сұртеке" халық күйінің әуен жазбасы. Құрманғазы ақынның портреті. Қазақ суретшісі Әубәкір Ысмайыловтің "Қобыланды батыр басқыншыларды талқандауда" суретінің көрінісі. Алпамыс батыр суретінің үлгісі. Ересек адам және бала денелерінің сызбалы суреттері. Алпамыс батыр суретін салу кезеңдері. Қазақтың түрлі билерінің қосынды әуен жазбасы. Қазақтың төл тағамдарының заттық суреттері. Сурет салу құралдары, таза қағаз беті. Сурет салу құралдары, таза қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Педагог Құрманғазының домбырамен орындалған "Сарыарқа" атты күйі. Әуенді талдау. Кіріспе әңгімелесу. Көркем сөз. М. Әміреев. "Наурызым". Картина үлгісімен танысу. Әубәкір Ысмайыловтің "Қобыланды батыр басқыншыларды талқандауда" суреті. Сұртеке - халық күйі Үлгіні зерттеу. "Алпамыс батыр". Сурет салу амалдарын көрсету. "Алпамыс батыр". Музыкалық-ритмикалык сәті. "Бишілер сайысы". Салыстыруға жаттығу. "Қазақтың төл тағамдары". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Батырлар туралы аңыздар". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 28 | "Қоржынды безендірейік". | Балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "коржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу; оюдың оң мен сол жақтарын бірыңғай салуға талпындырту; қоржын ашу дәстүрі туралы мағлұматтарды тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау біліктерін жетілдіру; казақтың салт-дәстүрлеріне, қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Тіктөртбұрышты ою элементтерімен безендіру техникасы. Қазақ зооморфты ою элементтерін салу техникасы. | Декоративті сурет салу. | Балаларға "қошқар мүйіз", "қоржын ашу", "симметрия", сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қазақтың салттарының бірнеше түрінің суреттері: "бесікке салу", "тұсау кесу", "атқа мінгізу", "көрімдік беру", "сүйінші сұрау" Тымақ, шапан, етік киген, иығында қоржыны бар атаның суреті. Қоржынның суреті. Қоржынды безендіру суретінің үлгісі. Қоржынды безендіру кезеңдері. "Ит құйрығы", "қошқар мүйіз" оюларының сырмақ бетінде алатын орындары. "Ит құйрығы", "қошқар мүйіз"" оюларының сызбалы суреттері. Акварельді бояулар қорабы, қылқалам, төсеніш, тіреуше, ыдыста су, сүлгі. Ырғақты әуен жазбасы. Төсеніштер, ақ қағаз беттері, акварельді бояулар, қылқаламдар, тіреушілер, ыдыстарда су. | Суреттер бойынша топтық жұмыс. "Бесікке бөлеу", "Көрімдік беру", "Сүйінші сұрау", "Тұсау кесер", "Атқа мінгізу". Картина үлгісімен танысу. Бесікке салу Көркем сөз. Жұмбақ жасыру. "Атамды көп күтемін". Үлгіні зерттеу. "Қоржын". Сурет салу амалдарын көрсету. "Қоржын". Сурет салу техникасын ұстарту жаттығуы. "Ою үлгілері". Сергіту сәті. "Қазақтың оюлары". Өздігінен сурет салу. "Қоржын". Білімді пысықтау жаттығуы. "Жұмбақты шешіп көрейік". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Қоржыннан табылған сыйлар". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 29 | "Біздің ғарышқа саяхатымыз". | Балаларды "ғарышқа саяхат" тақырыбы аясында қарапайым сюжетті құрастыруға баулу; өз қиялдарына, ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап, орналастырып, салу дағдыларын жетілдіру; "Ғарыштар күні" туралы білімдерін бекіту; ой-қиялын, түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту, зияткерлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Композицияны құру, сурет эскизін жасау тәсілдері. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "ғарыш денелері", "друдл" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Ғарыш тақырыбына әуен жазбасы. Жер шарының ғарыштағы суреті. Т. Әубәкіров пен Т.Мұсабаевтің портреттері. Түрлі планетарлардың ғарышта айналу бейнежазбасы. Түрлі түсті бояулардан араластырылған қағаз бетіне бастырылған бейтаныс планета суретінің үлгісі. Түрлі түсті бояулардан құырлған ғарыш планеталарын бастырып салу кезеңдері. Гуашь бояулары, қылқалам, палитра, ыдыста су, төсеніш, тіреуше, шамалы көлемге дейін үрленген шар, сүлгі, таза қағаз беті. Темпі баяу, салмақты әуен жазбалары. Сурет салуға қажет құралдар тізбегі. Палитралар, гуашь бояулары, қылқаламдар, ыдыстарда су, төсеніштер, тіреушелер, үрленген шарлар, көкке боялған қағаз беттері. | Кіріспе әңгімелесу. "Ғарыш әлемі". Көркем сөз. Ш. Смаханұлы "Космосқа ұшамын". Бейнежазба бойынша әңгімелесу. "Ғарыш планеталардың айналуы". Үлгіні зерттеу. "Ғаламның түрлі түсті планеталары". Сурет салу техникасын ұстарту. "Сиқырлы дақтар". Сергіту сәті. "Салмақсыз планеталар". Өздігінен сурет салу. "Ғажайып планеталар". Друдлді шешу жаттығуы. "Суретте не жасырынған?". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Ғарыш әлемі". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 30 | "Түйе". | Балаларды түйенің пішінін салуға үйрету; трафаретті бастырып жалпы сұлбасын, түйе арқасының үстіне алтыбұрышты пішінді бастыру техникасын игерту; түйе терісінің белгілі сипатын көрсетіп, пішіні алтыбұрыш көрпешенің бұрыштарына, ортасына өз қалауынша ою элементтерін салуға бейімдеу; көктемде үй жануарларының жайлауға шығару туралы білімдерін пысықтау; зеректікке, үй жануарларына деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу. | Толқынды сызықтар негізінде жануар сұлбасын салу техникасы. Трафаретті қолдану тәсілі. Қазақ ою элеметін салу тәсілі. | Заттық сурет салу. | Балаларға "керуен", "шөл дала", "өркеш" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Шөл далада құмның желде шығаратын дыбыстарының жазбалары. Түйелер керуені суреті. Түйенің суреті. Түйе суретінің үлгісі. Түйенің суретін салу кезеңдері. Ат, түйе, бұғы, керік және зебра суреттері. Әрбір түйенің өркешіне жүктелген заттар арасында киіз үйдің құрылыс бөлшектері бар сюжеттік сурет. Киіз үй қаңқасы. Киіз үйдің толық жабдықталған көрінісі. Суреттер: киіз үй, көл, орман, шөл даласы. Сурет салу құралдары, таза қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Шөл далада құмның желде шығаратын дыбыстары. Бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу. Педагог түйелердің керуені туралы бейнежазбаны көрсетеді. Көркем сөздер эстафетасы. Көркем сөз. "Түйелер жыры". Суретті көрсету. "Түйе". Үлгіні зерттеу. "Түйе". Сурет салу амалдарын көрсету. "Түйе". Сергіту сәті. "Түп-түзу тұрып көрейік". Өздігінен сурет салу. "Түйе". Зейінге жаттығу. "Жасырынған затты тауып ал". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Түйе тасымалдайды". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 31 | "Інжугүлдер". | Балаларды қылқалам мен мақта таяқшасымен салу техникаларын үйлесімді пайдалану іскерлігін ұштау; көктем гүлі інжугүлдің құрылым және түс ерекшеліктерін байқап, қағаз бетінде көрсете білу; қараңғы жасыл түсті араластырып жасау тәсіліне үйрету; көктем мезгілінде жасыл шөп пен жапырақтардың шығуы туралы ұғымдарын жетілдіру; зейінді, ой-қиялды дамыту; достыққа тәрбиелеу. | Қылқалам мен мақта таяқшасымен салу техникасы. Жасыл түстің аралас бояуларын палитрада жасау тәсілі. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "түстер үйлесімді", "қараңғы жасыл", "ақ маржан", "інжу маржан" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Суреттер сериясы:<br>- ағаш көшеттері;<br>- ағаштың жер бетінде өсіп тұрғаны (тамырлары жоқ);<br>- ағаштың тамырларымен бірге көрінгені.<br>Інжугүлдердің ағаштың көлеңкесінде өскені суреті.<br>Інжугүлдің суреті.<br>Інжугүлдерінің суреттерін салу кезеңдері.<br>Саны белгілі салынған түрді гүлдер мен ағаштардың суреттері: қызғалдақтар, алма ағаштары, шегіргүлдер, інжугүл.<br>Түрлі бейнелерге ұқсаған гүлдер мен ағаштардың суреттері.<br>Бояулар мен сурет салу құралдары, мақта таяқшалары, таза қағаз беттері. | Миға шабуыл жаттығуы.<br>Көркем сөз. "Інжугүлдер".<br>Объетіні бақылау. "Ағаштың көлеңкесінде өскен інжугүлдер".<br>Үлгіні зерттеу. "Інжугүлдер".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Інжугүл".<br>Пантомима жаттығуы. "Желдеткіш".<br>Өздігінен сурет салу. "Інжугүлдер".<br>Дамытушы жаттығу. "Саны қанша көрдің?".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.<br>Жұмыстар көрмесі.<br>Рефлексия. "Өсімдіктер неге ұқсайды?". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 32 | "Қуыршақтар театрының кейіпкерлері". | Балаларды "Буратино" ертегісі желісі бойынша сюжеттік суретті салуға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің келбеттеріндегі ерекшеліктерді суретте көрсетуге машықтау, дене пропорцияларын сақтауға баулу; "достық" ұғымын тиянақтау; жамандық пен жақсылықты, араздық пен достықты ажыратуға тәрбиелеу. | Сурет композициясы, эскизді жасау тәсілдері. Адамның дене бітімін салу техникасы. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "қуыршақтар театры", "Мальвина", "Буратино", "Пьеро", "Қарабас-Барабас" сияқты кейіпкерлердің аттарын сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Ырғақты әуен жазбалары. "Буратино" ертегісі кейіпкерлерінің суреттері: Буратино, Мальвина, Артемон, Арлекин, Пьеро. Ертегі кейіпкерлерін үш түрлі тәсілмен салу көріністері. Қуыршақтар театрындағы қуыршақтар қозғалуы туралы бейнежазбасы. Сурет салу құралдары, таза қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Көркем сөз. Ә. Ысқақбаев. "Достық - ұлы туымыз". Ой-толғау сәті. "Достық дегеніміз не?" Кіріспе әңгімелесу. А. Толстойдың өңделуінде жазылған "Буратино" ертегісі. Үлгіні зерттеу. "Қуыршақтар". Сурет салу амалдарын көрсету. "Театр қуыршақтары". Сергіту сәті. "Оң аяқ пен сол аяқ". Өздігінен сурет салу. "Қуыршақ театрының кейіпкерлері". Пантомималық жаттығу. "Қуыршақтар театры". Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Айна". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 33 | "Атқа мінген шабандоз". | Балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту; "Отан қорғаушылар күні" туралы түсініктерді тиянақтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; салауатты өмір салтын ұстануға, Отанын сүю сезіміне тәрбиелеу. | Толқынды сызықтар негізінде жануар сұлбасын салу, адам дене бітімін салу техникалары. Композицияны құру тәсілі. | Заттық сурет салу. | Балаларға "шабандоз", "камшы", "бәйге" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қазақтың "Қосбасар" күйінің жазбасы. Қазақ суретшісі Нұрбазар Қожиннің суретінен көрінісі. Шабандоз баланың бәйгеде ат үстінде шауып келе жатқаны суреті. Қарындашпен салынған атқа мінген баланың суреті үлгісі. Атқа мінген баланың суретін салу кезеңдері. Сурет салу жаттығуының көріністері, доғалы сызықтар. Адамның түрлі мамандықтарды игергені туралы суреттер. Сурет салу құралдары, таза қағаз беттері. | Ой-толғау сәті. «Қосбасар» - Мүкей Көркем сөз. Қ. Аманжолов. "Дархан дала". Картина үлгісімен танысу. "Адам мен аттың қимылдары". Н. Қожиннің суреті. Кіріспе әңгімелесу. Үлгіні зерттеу. "Атқа мінген шабандоз". Сурет салу амалдарын көрсету. "Атқа мінген шабандоз". Сурет салу техникасын ұстарту жаттығуы. "Доғалы сызықтардың сиқыры". Сергіту сәті. "Құлыншақтай дарамыз". Өздігінен сурет салу. "Атқа мінген шабандоз". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Адам нені бағындырады?" | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 34 | "Жұпаргүл (бөртегүл) бұтағы". | Балаларды жұпаргүл (бөртегүл) бұтағына қарап, суретін, мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету; ақ пен көк-сия түстерін араластыру нәтижесінде ақшыл күлгін түсті жасап, суретте пайдалану білігін қалыптастыру; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдарды тиянақтау; зейінін, қолдың ұсақ моторикасын, эстетикалық талғам қабілетін дамыту. | Бор, қылқаламмен сурет салу тәсілдері.<br>Аралас жаңа түсті жасап салу техникасы. | Сюжетті сурет салу.<br>Натюрморт. | Балаларға "жұпаргүл", "шегіргүл", "иісі жұпар", "иісі аңқып тұр", "аралас түс" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Жұпаргүлдің түрлі суреттері.<br>Жүзімнің суреті.<br>Суретшілердің жұпаргүлді салудағы натюрморт нұсқалары.<br>Жұпаргүл натюрмортын салу кезеңдері.<br>Ырғақты әуен жазбасы.<br>Ағаш ұрығының гүлі, бұтаның гүлі, шөптің гүлі суреттері.<br>Сурет салу құралдары, таза қағаз беті.<br>Суық пен жылы түстер араласқан пейзаж суреті.<br>Спектрдің жұпты түстер карточкалары: суық және жылы реңктері.<br>Сурет салу құралдары, таза қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау.<br>Көркем сөз. А. Бақтыгереева. "Көктемде көңілді..."<br>Объектіні бақылау. "Жұпаргүл" (шегіргүл).<br>Суретшінің картина үлгісімен таныстыру. Натюрморт.<br>Үлгіні зерттеу. "Жұпаргүл (шегіргүл) натюрморты".<br>Сурет салу амалдарын көрсету. "Жұпаргүл".<br>Саусақ жаттығуы. "Гүлдер шоқтары".<br>Өздігінен сурет салу. "Жұпаргүл бұтағы".<br>Қабылдауға жаттығу. "Суық және жылы түстер".<br>Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.<br>Жұмыстар көрмесі.<br>Рефлексия. "Шөп пе, бұтама, ағаш па?" | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 35 | "Менің атам егінші". | Балаларды егінде жүрген трактор пішінін салуға баулу; тарақты немесе пластиктен жасалған шанышқыны бояуға малып, егін жолдарын салу техникасымен таныстыру; сюжетті егіннің бойынша тұрған ағаштардың және ұшқан құстардың бейнелерімен толықтыруға үйрету; адамның көктем мезгіліндегі дала жұмыстары туралы түсініктерін тиянақтау; еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | Ұсақ бөлшектерден тұрас затты (тракторды) салу. Шанышқы арқылы дәстүрлі емес сурет салу. | Сюжетті сурет салу. | Балаларға "тракторшы", "тың", "соқа" сөздерін белсенді сөздік қорға ендіру. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Трактордың шығаратын дыбыстарының жазбалары. Трактордың тың даласында жерді тырнаған трактор туралы бейнежазба. Қазақ суретшісі Ә. Қастеевтің "Тыңдағы алғашқы борозда" суретінен көрініс. Трактор мен жүк машинасының суреттері. Трактор суретінің үлгісі. Трактордың суретін салу кезеңдері. Атқа шегілген арба үстінде отырған балалардың суреті. Темпі баяу ырғақты әуен жазбасы. Сурет салу құралдары, таза қағаз беттері. | Аудиожазбаны тыңдау. Жүріп келе жатқан трактордың дыбыстары. Көркем сөз. Ж. Қашқынов. "Менің атам". Суретшінің картина үлгісімен таныстыру. Педагог балаларға Ә. Қастеевтің "Тыңдағы алғашқы борозда". Үлгіні зерттеу. "Тың топырағын жыртқан трактор". Сурет салу амалдарын көрсету. "Трактор". Логоритмика. "Атты арбаға шегіп". Зейінге жаттығу. "Көлеңкеге қарап, дұрыс тап". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Сайда құстар сайрайды". | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 36 | "Жазғы демалыс". | Балаларды жазғы демалыс туралы ұғымдары мен ой-қиял жасау нәтижесінде, өз еркімен қағаз бетіне сюжетті жоспарлап, салуға үйрету; өз суретіне атау қоюға машықтау; суретте адамның денелерін түрлі қалыптарда көрсетуге талпындырту; жаз мезгілі жөнінде жалпы түсініктерін тиянақтау; достыққа тәрбиелеу. | Таныс техникаларды қолдану. | Еркін тақырып. | Оқу жылы бойы қолданылған сурет салудағы жаңа сөздерді балалардың есінде жаңғырту. | Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Балалардың жаз уақытында түрлі жерлерді демалуы туралы сюжеттік суреттер: судың жағасында, ойын-сауық саябағында, ауыл аумағында, табиғат аясында. Балалар қолдана алатын сурет салуға қажетті құралдар. Темпі түрлі, ырғақты әуен жазбалары. Сурет карточкалары: алтын күн, көк аспан, көбелек, кемпірқосақ, гүлдер, ыстық күн, құлпынай, таңқурай, піскен көгөністер, суға жүзу, күнге күю, жалаңаяқ жүру, күнбағыс, табиғатқа шығу. Балалардың түрлі қимылдары мен қозғалыс қалыптарының сызбалы суреттері. Сурет салу құралдары, таза қағаз беттері. | Миға шабуыл. "Жаз дегеніміз". Музыкалық-ритмикалық сәті. "Күнбағыс". Көркем сөз. Ә. Қайырбеков."Суға жүзу". Суреттер галереясы. "Жазғы демалыс". Суреттер сериясы бойынша әңгімелесу. Сурет салу техникасын ұстарту жаттығуы. "Адамның түрлі қимылдары". Сергіту сәті. "Қалай түсінетініңді қимылдармен көрсет". Өздігінен сурет салу. "Жазғы демалыс". Балалар жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау. Жұмыстар көрмесі. Рефлексия. "Достарымнан алған сабағым". | |